



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Brikke samǵa! Álemdi sharla!

Farabı

№05
МАМЫР
2025

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



Тарбағатай таулары,
Шығыс Қазақстан облысы
"Википедия" ашық энциклопедиясы

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Мемлекет басшысы –
Қазақстан Қарулы Күштері
Жоғарғы Бас қолбасшысы:



«ҰЛЫ ЖЕҢІС – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ ЖӘНЕ КҮЛЛІ ӘЛЕМҮШІН ҮЛКЕН САБАҚ»

«Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды. Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдан-

герлер қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз!

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін! Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!"

<https://akorda.kz/>

Farabi shakirti

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

№5 (69) мамыр 2025

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

ТОНЫКӨК

«Қағаны - батыр, ақылгөйі -
кемеңгер елдің бағы жанады».

ҚАЗЫБЕК КЕЛДІБЕКҰЛЫ

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат.
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың әкең қымбат.
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.

ИОГАНН ВОЛЬФГАНГ ФОН ГЁТЕ

«Адамның бойындағы құрметтеуге тұратын
ең ұлы қасиет - өз Отанына деген махаббат».

РОМЕН РОЛЛАН

«Әрбір ер жүрек, әрбір шыншыл адам өз
Отанына абырой әкеледі».

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

«Отан - өткенімізді танып, бағалай білу, ең
әуелі, өзімізді қадірлей білу».

БАУЫРЖАН MOMЫШҰЛЫ

"Отанға деген сүйіспеншілік ата-анаға,
бауырларына, ауылына, туып-өскен ауылына,
қаласына, ұлтына деген сүйіспеншіліктен
басталады".



БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВ

«Адал адам Отанын сүйеді, адал, ақ
жүрекке Отан - анасындай. Отанның дегенін
істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген
махаббатты, әсіресе біздегі махаббатты
өлшеуге болмайды».

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ

«Отаныңнан қанша шақырым ұзақтасаң,
Сонша шақырым рухани жақындай түсесің».

ТҰРСЫНАЙ ОРАЗБАЕВА

Ел – жұртымның бақыты аталатын,
Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың.
Ең қымбатты,
Ең Ұлы,
Ең аяулым
Өзіңсің, жан Отаным – махаббатым!

<https://kaz.nur.kz/>; <https://bilim-all.kz/>
Сурет: <https://egemen.kz/>; <https://qfl.kz/>;



Абдрахман Асылбек
ЖЕҢІС ЖАЛАУЫ

Жеңіс тіпті оңайлықпен жеткен жоқ,
Дұшпан бізге аяушылық еткен жоқ.
Соғыс бітіп, талай жылдар өтсе де,
Қияметі бастан әлі кеткен жоқ.
Жауқазындар желектерін жайғанда,
Жайраң қағып шығушы едік сайранға.
Сойқан соғыс басталды да кенеттен,
Кете бардық аттанып қан майданға.
Отан үшін арпалыстық, алыстық,
Қас дұшпанмен қасарыстық, қарыстық.
Жанымызды, тәнімізді табыстап,
Қара жерге ағып жатты қан ыстық.
Қаншалықты қарысқанмен қайрат қып,
Жерге тығып, жауыздарды жайраттық.
Қанға бөгіп қан майданда қалсақ та,
Гүл өңірді, нұр өмірді жайнаттық.
Желбіретіп жеңіс деген жалауды,
Тарихтағы толтырдық бір тарауды.
Ұрпағымыз өтер мәңгі ардақтап,
Жеңімпаздар қалдық кәзір санаулы.

Ескен Елубаев
ЖЕҢІС КҮНІ

Мәңгі шықпас ел есінен,
Жеңістің көрем бейнесін мен,
Орденге толы, медальға толы
Әкелердің кеудесінен,
Желбіреген жалауынан,
Мәңгілік оттың алауынан,
Күлкісінен балалардың,
Шаттығынан аналардың,
Әр күннің нұрлы келбетінен,
Гүл жайнаған жер бетінен!

Қайрат Жұмағалиев
ЖЕҢІС КҮНІ

Сауал бердім білгім кеп:
Қуанышты мереке –
Жеңіс күні қай күн? – деп.

Атамнан да сұрадым,
Көкемнен де сұрадым.
Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым.

Тосты бәрі құлағын:
– Дұрыс, – десті, – сұрағың.
Бейбіт күннің бәрі де
Жеңіс күні, шырағым!



Гүлнұр Керимбай
ЖЕҢІС

Бүгін бізде бейбітшілік таңымыз,
Себебі батыр болған қанымыз.
Жеңіс күні бүгін бізде мереке,
Тек батырларға арналған бұл әніміз.
Біз үшін батырлардың рухы биік,
Отан үшін кетті олар жанын қиып.
Кетті олар келмеске біздер үшін,
Отан үшін салып терінбар күшін.
Тыныш өмір бақыт тілеп баршамызға,
Ата-ана жас батыр сұлу қызға.
Батты қанша бұлтты түндеріміз,
Жылауменен өтті ғой күндеріміз.
Бақытты өмір өтуде әр таңымыз,
Жақсылықпен жалғассын қадамымыз.
Ұмытпаймыз барлығы ел есінде,
Бізді көріп қуанған ғой жел есуде.
Мың рахмет айталақ қуанышпен,
Тойлаймыз «жеңіс» күнін мақтанышпен.
Әрқашан бағалайық осы шақты,
Әр минутта бақытымыз толып жатты.
Тек әр қадамымыз болсын нақты,
Себебі ата-баба аңсаған осы шақты!



Қадыр Мырза Әли МАМЫР МЕН ТАМЫР

Мамыр жайлы мен білетін көп кітап.
Мықты болсаң,
Айтылмаған жоқты тап.
Өткен күзде кесіп алған еменнің
Түбірінен көтерілді көк бұтақ.
Көктемнің бұл құдіреті көп пе еді!
Күн де нұрын тектен-текке төкпеді.
Шебер қолдар талдан тоқып тұрғызған
Шарбақтың да шыбықтары көктеді.
Күн көзінен алатұғын бұрын нәр
Ерте гүлдер Кавказдар мен Қырымдар.
Ұзақ тұрсам,
Тамыр жайып табаным,
Менің өзім көктеп кетер түрім бар!

Рза Қунақова МАЙ ТАҢЫ

Алқызыл қызғалдақтай көктемдегі,
Жалаулар көшелерде тербетілді.
Сергітті жомарт жаздың өпкен лебі,
Тосамын терезеден мен бетімді.

Желпиді жапырақты таң самалы,
Бақшада жасыл терек жайқалады.
Бұлбұлдар сапқа тұрып ән салады,
Дәл қазір басталғандай май парады.

Есләм Зікібаев МАМЫРАЖАЙ МАЙДА ЛЕП КӨКТЕМБІСІҢ?

Мамыражай майда леп көктембісің?
Көңілімде гүл болып көктермісің.
Ақ көрпесін айқара жамылып ап –
Сағындырды-ау өзінді өткен қысым.
Сағындық қой, келші, тез сырласайық,
Жігіт болып, қыз болып қырды асайық.
Қыр үстінде жайылған масатыңа
Аунап жанның құмарын бір басайық.
Келші, көктем, жүректе лауласын от,
Сезімдерді шарпыған қауласын өрт.
Асып-тасып жататын шарасынан
Махаббаттың қасиетті арнасы боп!

Сәкен Иманасов МАМЫР

Қарсы алып мамыра-жай мамыр айын,
тағы да қағынайын, сабылайын,
есімнен жаңылайын, жамырайын,—
сәулелі күндерімді сағынайын!..
Білмейтін ым-жымыңды, ымыраны,
басталып баяғы асқақ ғұмыр әні,
Күн нұры қараулықтан қашып шығып,
қорғана
қолтығыма тығылады.
Кешегі күйініштің сарқыны ма,—
тығылып ащы бір жас алқымыма,
аспанды айқыш-ұйқыш тілгілеген
қараймын нажағайдың жарқылына.
Көл-көсір көкірекке жыр тұнғасын,
шығады бұрынғыдан күлкің басым,—
қаншама жыртылмасын көмекейің,
оны да енді бірақ кім тыңдасын!
Шыға ма беткейлерге жамырай гүл
тұра ма өзін өзі танымай қыр,
Дүние мың құбылып жатқан шақта
көңілді күпті қылған тәңірі-ай бұл!

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz/>;
<https://www.zharar.com/>; <https://sokrsokr.net/>
Cyper: <https://www.ortcom.kz/>

«Сыйынар ем Ана деген тәңірге»



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 11 мамыр Аналар күніне орай анасы туралы сағынышқа толы, сағым жылдар арасынан анасын іздеп перзенттік естелігін әлеуметтік парақшасына жазды, – деп хабарлайды farabishakirti.kz

Бүгін – Аналар күні! Осы орайда анам Тұрар Шабарбаева туралы аз-кем естелікпен бөліскім келеді.

Төрт балалы біздің отбасы қарапайым тұрды. Анам ұзақ уақыт бойы белгілі себептермен жұмыс істемеді, ол кісі үй жұмысын атқарды.

Жалғыз асыраушымыз әкей. Айлық жалақыдан бөлек, ол кей-кейде мақалалары мен кітаптарына қаламақы алатын. Мұндай күндері біздің үйде нағыз мереке орнайды.

Шешей ол кезде жас әйел бола тұра, көп нәрседен, оның ішінде әшекей заттар мен қымбат киімдерден тартынатын. Әрине, сәнді киініп, әсем әшекейлер таққысы келгені табиғи ғой, алайда бар өмірін перзенттеріне арнап, аналық парызын қысқа ғұмырының ақырына дейін атқарып өтті. Тіпті, қымбат дүниелер алатындай мүмкіндік туған кезде де, өзіне ұнаған заттарды немерелеріне әперумен шектелетін.

Өз өмірімнің Кеңес Одағы тарауымен тұспа-тұс келген сындарлы сәтінде анамның батыл қолдағаны ешқашан ұмытылмайды. Сол бір қауырт күндері Мәскеуде қалып, Ресей мемлекетінің Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеу немесе елге қайтып оралуды анықтау қажет еді. Сонда анамның «Әкең тірі болса, саған бірден Қазақстанда қызмет ету керек дер еді» деп айтқаны есімде. Бұл сөз бұйрықтай болып естілді.

Шешеміз, әрине, кейбір шенеуніктердің аяқастынан қисапсыз байып шыға келіп жатқанын білді, бірақ мұндай тіршіліктің баянсыз және ақыры жақсылыққа апармайтынын жалықпай айтып отырды.

Өзі де қарапайым тірлік кешті, көзі жұмылғанша

көп нәрседен өзін шектеп отырды. Ылғи да ел алдында ұятқа қалмау үшін өзімді таза ұстауды, ешқашан көрсеқызарлыққа бармауды айтып кеңес беретін.

Анам да үнемі мені қолдайтын. Бала күнімнен мен оның көптеген мағынасы терең мазмұнды әңгімелерін, ой-пікірі мен пайымдауларын тыңдап өстім ғой. Әңгімені жақсы айтатын және менің де ықыластана тыңдайтынымды сезген болар, сөйтіп өмірлік дүниетануыма өлшеусіз ықпал етті. Жан-жағыма байыпты қарап, ұстамды болуға, жақсыны үйренуге және одан тек пайдалысын алуға үйретті. «Күні бойы және кешке немен айналысатыныңды таңертеңнен ойлау керек. Жинақы жүру қажет, асып-сасқан адам сәтсіздікке ұшырайды» деп жиі айтатын.

Біздің анамыз ұсақ-түйек нәрсеге дейін түгел білуді қажет санады. Ол кісінің қатысуынсыз ата-аналар жиналысы өткен емес. Төрт баласының оқытушыларының бәрін білетін. Балалық тектігімізге, жеткіншектік қуаныш пен күйініш-сүйінішімізге қатысты жайларды түп-түгел сезініп отыратын. Анығын айтқанда, анамыздан жасыратын құпиямыз болған жоқ. Ол кісі біздің өмірмен ғұмыр кешті, ал біз оның өмірінің ажырамас бөлшегі едік.

Аналардың қадірін біліп, әрдайым құрмет көрсетіп, ардақтап жүріңіздер!

Сурет Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке парақшасынан алынды.

Редакциядан: Елімізде Аналар күні мамыр айының әр екінші жексенбісінде 2023 жылдан аталып келе жатқан ерекше мерекелердің бірі.

Рухты дауысымен 20 жыл әскери шеруді жүргізген диктор

АСТАНА. KAZINFORM - Тыңдарман түрін біле бермесе де, дауысынан жазбай танитын тұлғалар бар. Солардың бірі - 20 жылдан бері әскери шеруді жүргізіп келе жатқан Азамат Қанапия.

«Бүгін LIVE» студиясына қонақ болған диктор ісінің қыр-сырын ақтарды.

– Ең алғашқы шеру 2005 жылы болды ғой деймін. Биыл менде мерейтой десе де болады. Себебі, әскери шеруді жүргізіп жүргеніме 20 жыл болыпты. 20 жылдан бері биыл 13-парадты жүргізіп отырмын. Ең алғашқы парадты сол кездегі Ақпарат және мәдениет министрлігі мен Қорғаныс министрлігі бірігіп ұйымдастырды. Сосын парадты жүргізетін адамдарды шақыртты. Ол кездегі Мәдениет министрі «Көшпенділер» киносын көрген де, ондағы дауысты ұнатқан болуы керек. Содан кейін осы дауыс парадты жүргізеді деп, мені шақырған. Ал орысша жүргізуге 3 адамды шақыртты. Олардың әрқайсысын тыңдап көріп, ішінен біреуін таңдады, – дейді диктор.

Әскери парад жүргізушісі әр шеруде микрофон тізгінін ұстаған сайын қобалжытынын жасырмады.

– Алғашқы парадта ғана емес, қобалжу барлық жерде болады. Мысалы, биылғы парадта оқитын мәтіннің өзі 77 бет. Ол жерде жаңылмау керексіз. Кейде оқитын мәтінің ұзақ болып кетсе, үлгеру қажет. Орайын келтіріп, дер кезінде тоқтап, мінбер алдынан өтіп бара жатқан әскерилерді айтып үлгеруің керек. Мәтінді оқып қана қоймай, оның алаңдағы іс-әрекетке сай келуін түгелдей бақылап отырасың. Сондықтан жауапкершілігі өте ауыр. Ол жерде құр оқып қана қоймайсың. Оқыған кезде ол тыңдарманның құлағына жетіп, олар өзіне рух алу керек. Сенің негізгі міндетің сол болғандықтан, әрбір адамға ой салып, жүрегіне жеткізе білу керек, – дейді Азамат Қанапия.

Азамат Қанапияның есімін әскери шерулерде ғана естімейсіз. Теледидарды қоса қалсаңыз, қазақша дыбысталған екі фильмнің бірінен дәл осы қоңыр үнді тыңдауға болады. Маман өзінің дикторлық мансабына қалай келгенін де айтып берді.

– Мен негізі актермін. Театрда жұмыс істедім. Ал бұл жұмысқа шамамен 23–24 жасымда келіппін. Ең басында «Хабар», «Еларна» телеарналарында фильмдерді, түрік сериалдарын қазақшалап бастады ғой. Біз де сол алғашқы толқынға келіп түстік. Содан кейін осы салаға бірыңғай кірісіп кеттік. Кейде



актерлікті де сағынамын, -дейді ол.

Диктор кейде өзін дауысынан танып жататындардың жиі жолығатынын жеткізді.

– Кейде телефонға жауап бергенде тапсырыстар түсіп, арнайы дауыспен сөйлеуге тура келеді. Сол кезде қасында естіп қалған адам бірден танып жатады. Ауызекі тілде білдіртпеуге тырысамын. Бірақ соған қарамастан бірден танитындар да табылып жатады, -дейді маман.

Кәсіби маман әріптестеріне дұрыс дауыс қоюдың бірнеше техникасын да түсіндірді.

– Жұмыртқа адамның дауысына айтарлықтай әсер етпесе де, ол адамға күш береді. Мәтінді мәнерлеп оқыған кезде көбіне деммен жұмыс істеу керек болады. Ондай кезде диафрагмада күш көп болу керек, яғни, демнің үстіне отырып алып сөйлеген кезде адам шаршамайды және тамағына да көп салмақ түспейді. Сөйлеген кезде күш болады. Ал жұмыртқа адамға сол күшті береді. Негізінен адамға күш-қуат беретін ең басты нәрсе - бұл дем. Одан кейін техника. Артикуляцияға келген кезде дикцияға арналған көптеген жаттығу бар. Мысалы, «жздра, жздре» деген секілді. Әріптерді әдейілеп шығарып, аппаратты тірілтіп алып, сосын барып жұмыс істеу керек. Ал дауысты ашуға келер болсақ, өзің айта алатын әніне қосылып, оны бар дауысыңмен, бірақ тамаққа салмай айтсаң, дауысың ашылады. Ашылған дауыспен ары қарай жұмыс істеу де оңай болады, - дейді ол.

Аружан MAXMUT,
<https://kaz.inform.kz>



ҚОНАЕВПЕН СЫЙЛАСТЫҚТА БОЛҒАН

Жақында Астанада Президент аппаратынан жағымды жаңалық келді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында қазығұрттық бірнеше Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атын көшеге беру жайлы қаулысы келіпті.

Сол ардагерлердің ішінде Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Исақұл Тастеміровтің де есімі бар. Исақұл ағаны ел-жұрт жақсы таниды.

Оңтүстік жұрты Исақұл ағаны өңірге танымал тұлға, елі мен жерінің қамын ойлаған, қарапайым халықтың сөзін сөйлеген үлкен жүректі азамат ретінде құрметтейді, жылы лебізбен еске алады.

Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Маршал Жуков», «Ұлы Отан соғысы кезінде Германияны жеңгені үшін» медальдерімен марапатталған.

Ал енді бейбіт өмірде аудан экономикасын көтеріп, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуда атқарған ерен еңбегі үшін «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және де жиырмаға жуық медальдермен марапатталған. Сонымен қатар аудандық атқару комитеті «Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы» атағын берген.

Исақұл аға менің әкем Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері, Қазығұрт ауданының Құрметті Азаматы, аудандық ардагерлер ұйымының алғашқы төрағасы, соғыста танымал қолбасшы Бауыржан Момышұлының қолында батальон командирі болған, әскери гвардия



подполковнигі Досалы Мамбеталиевпен өте сыйлас дос еді. Үйге көп келетін. Екеуінің өнегелі өсиетке толы әңгімесіне таңданумен қарайтынмын.

Бірде Исақұл ағаның Қонаевпен қалай танысқаны, таныстығының сыйластыққа айналғаны жайлы әңгімесін есіткенім бар.

– Бірде Қырымдағы «Ессентуки» шипажайында ем-дом алуға барып, серуендеуге шыққан бетім. Алдымнан бойшаң кісі шықты. Бетіне қарамадым. Бір кезде «Ей, қазақ!» деген дауысқа жалт қарасам, алдымда Дінмұхаммед Қонаев тұр. Жылдам барып амандасып, қалжағдай сұрастым.

Сол күннен бастап Дінмұхаммед ағамен, Зұхра жеңгеммен сыйластығым басталды. Ол кісілер неге жалғыз келдің, келін қайда?», - деп қыспаққа алды. «Әйелінді әркез бірге алып жүр. Өмірдің ыстық-суығын бірге көріп келесіңдер. Демалыста да бірге болуларың керек. Ендігі жылы дәл осы уақытта осы жерге келінмен бірге демалуға кел. Сен маған ұнап қалдың, інім», - дегенде ішім жылып қалды.

Содан кейін қатарынан үш жыл мен жұбайыммен Димаш ағамен, Зұхра жеңгеммен бірге дем алған болатыным. Сол кездерді сағынышпен еске аламын, - деді Исақұл аға.

Исақұл аға жиырма жеті жыл Ленин аудандық астық қабылдау мекемесінің директоры қызметін абыроймен атқарып зейнеткерлікке шыққан болатын.

Бір кездері обком секретары Асанбай Асқаровтың шақыруымен Исақұл аға қабылдауында болған. Обком секретары Исақұл ағаға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына басшылық жасауды ұсынды. Екі қабатты қызметтік үй беретінін айтты. Сәл ойланып, Исақұл ағаның туған өлкеге деген сағынышы басым болып, келісім бермепті.

Сол кезде Асанбай Асқаров мемлекеттік телефонды Исақұл ағаға ұсыныпты. Ар жақтағы Димаш ағаның дауысын танып, дірілдеп мән-жайды түсіндіріпті.

Тағы бірде Исақұл аға Мәскеуге барған сапары жайлы айтып берген еді.

– Мәскеуге қызметтік жұмыспен бардым. Үш ай жүрдім, барған жұмысым тынбады. Созылып кетті. Мәссаған деп, КПСС-тің сол кездегі идеология жөніндегі секретары Сусловтың қабылдауына жазылдым.



Секретарь жылы қабылдады. Мән-жайды түсіндірдім. Бір кезде Сусловтың көзіне менің ескі етігім түсіп кетіпті. Шкафын ашып, жап-жаңа етікті алып шығып маған «Ки», - деді. Ыңғайсыздандым. «Сіз еңбек адамысыз. Бұл етік сізге сыйлығым», – деп, арызымның бір бұрышына «Орындалсын. Суслов» деп қойып берді.

Осы қағазбен жұмысым тынып, елге көтеріңкі көңілмен қайттым. Сусловтың етігі өте сапалы екен. Бірнеше жыл кидім, – деп сөзін аяқтады.

Құдай қаласа, Қазығұрт ауылының бір көшесіне Исақұл Тастеміров ағаның есімі беріледі. «Атына заты сай», – дегендей, ағаның ел ішіндегі құрметі жоғары, ел-жұрт ол кісінің адами қасиетін, иманды жүзін, қамқорлығын, игі істерін сыйластықпен, сағынышпен еске алады. Билік басындағылар да ол кісінің есімі берілетін көшенің үлкен, көрікті болғанын ескерсе екен деймін.

**Априза АЙТБАЕВА,
ҚР құрметті журналисі,
Қырғыз Республикасы,
Бішкек қаласы**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Қазақтың ақыны, әдебиетті зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Торғай облысында Торғай уезінің Сарытүбек деген жерінде дүниеге келген. Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі. Арғын тайпасының Шақшақ руынан шыққан. Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті 1886-1891 жылы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған [1].

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылы басталды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған ең көлемді Қарқаралы петициясының авторы [2]. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ұждан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарған. Бұл газетте халықтың көкейтесті мәселелерін көтерген. Ол 1918 жылға дейін қазақтар арасындағы негізгі мінбер әрі кең таралған саяси және әдеби ғылыми басылымы саналды. 1920-1921 жылдары Казак АКСР халық-ағарту комиссары қызметінде болды.

Оның өмірі - өз халқына адал қызмет етудің, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына, тарихына деген сүйіспеншіліктің айқын белгісі. 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Менің мақсат-мұратым - қазақ халқының материалдық жағдайын жақсарту, мүмкін болғанынша мәдениетін көтеру. Мен осы мақсатты қамтамасыз ететін үкіметті қолдауға арқашан әзірмін», - деген. 1917 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы Алаш партиясын құруға атсалысты. Алашорда үкіметінің құрамына кіріп, онда білім мен мәдениетке қатысты мәселелермен айналысты

Әдеби мұрасына тоқталатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетін зерттеуге көп үлес қосқан. 1909 жылы оның тұңғыш туындысы «Қырық мысал» кітабы жарыққа шығады, онда Крылов әңгімелері мен Абай өлеңдерін

негізге ала отырып, биліктің шектен шығуы мен зорлық-зомбылықтарын сынайтын бірқатар туындылары енген. 1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарық көрді. Ондағы басты идея - қазақ халқын ілім-білімге әрі мәдениетті қоғам құруға шақыру еді. «Қазақ» газетіне шыққан «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абайдың рухани мұрасының ұлт мәдениеті мен ағарту ісіне ықпалын зерделейді.

1921 жылдары ана тілі, суретті әліппе оқулықтары сауатсыздықты жою бойынша жоғары сұранысқа ие болды. 1912-1925 жылдар аралығында жаңартылып шығып отырған «Оқу құралы» авторы. Лингвистикалық түсініктерге анықтама беріп, оқулықтары құрылымын зерттеп, тілдің Ахмет, бір жүйеге келтірген алғашқы қазақ тілі оқулығы «Тіл құрал» Ахмет атамыздың қаламынан шықты, сонымен қатар мұғалімдерге арналған тәжірибелік нұсқаулық - «Тіл жұмсар» мен сауатсыздықты жою кезінде қолданылған «Баяншыны» жазған. Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы негізінде жаңа қазақ әліпбиін жасаған [3]. Бұл әліпбиді шетелдік қандастармыз әлі күнге дейін қолдануда. 1926 жылы ғалымның құнды еңбегі «Әдебиет танытқыш» жарыққа шықты, онда әдебиет тарихы, теориясы мен методологиясы қарастырылып, қазақ әдебиеттану ғылымының негізі қаланды.

Ол қазақ фольклорын зерттеуге маңызды үлес қосты. Қазақ халқының музыкалық шығармалары мен халық ауыз-әдебиеті үлгілерін жинақтап, жеке кітап етіп шығарды. Онда 1923 жылғы «Ер Сайын» және 1926 жылғы «23 жоқтау» жыры енді. Бакуде өткен I түркология съезіне, Қазандағы халық ағарту қызметкерлерінің съезіне қатысып, білім беру жүйесін дамытудың мәселелерін көтерді. Оның білімдарлығын тек қазақтар ғана емес, сонымен қатар өзге ұлт өкілдері де бағалаған. Мысалы, 1921-1928 жылдары Ташкенттегі халыққа білім беру институтында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқыған. Бұл істері Кеңес үкіметіне жақпай, 1937 жылы желтоқсан айында атылған. 1988 жылы аты ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлт ұстазы» атануы – оның қазақ халқы үшін атқарған зор еңбегінің, ұлт болашағы үшін аянбай еңбек еткен қызметінің айқын дәлелі. Ол ұрпаққа тіл, мәдениет және білім саласында жарқын жол көрсеткен ұлы қайраткер. Ахметтің мұрасы – ұлттың дамуы мен жаңғыруының алтын қазығы болып қала бермек.

**ТӨЛЕУХАНОВА Нұрдана,
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы, №3 Күршім гимназиясының
11 сынып оқушысы**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қабылдинов З.Е., т.б. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 9 (8)-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2019. – 192 бет. – Б. 116
2. Сабырбай Р. Болашақ әліпби, ондағы әріптің аты//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2006 жыл желтоқсан. – Б.78



Соғыс тылында еңбек еткен анашым

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, Ұлы жеңіске – 80 жыл. Соғыс қаншама адамның өмірін жалмады, қаншама тағдырды гүлдей солдырды. Тылда еңбек еткен халықтың да жағдайы мәз болмады, қаншама ауыр күндерді бастан кешті. Тылда еңбек етіп, қиын күндерді өткерген жандардың бірі менің анам болатын. Мен Қарағанды облысы, Шет ауданы, «Қазанның 40 жылдығы атындағы» совхозда туып-өстім. Әкем Айтбай мен шешем Қоңырдан басқа, атам Ақым мен әжем Әсияның тәрбиесін көрдім. Біздер жеңістен кейінгі туылған ұрпақпыз.

Атам Ақым «Әкең Айтбайдың жұмыс бабымен көшіп-қонып жүрдік. Қартайған шағымызда бізге де қиын болды» деп, сол қиын күндерді еске алатын. Соғыс кезінде атамды Сібірге ағаш кесуге «тыл майданы» немесе «еңбек майданына» жібереді. Оның алдында «Қарасаз» су қоймасын салғаны үшін Сталиннің «Құрмет грамотасымен» марапатталған екен. Қазіргі «Ерен еңбегі үшін» медалімен пара-пар. Сол себеп болған ба, оның үстіне жасына қарап, кері қайтарыпты. Соғыс кезінде тылдағы адамдарға бар салмақ салынған. Еркек адамдар жоқ. Бар болғанның өзінде көпшілігі қарттар, майданнан жараланып келгендер. Үйдегі бар тіршілікті атам мен әжеме қалдырып, ауылдың келіншектерімен бірге атқа қонып, мал бағып, отын шауып, сиыр сауып, оның сүті мен майын Үкіметке өткізіп, ауылдағы «Қызыл Отауды» басқарған менің шешем Қоңыр (шын аты – Жанәсия) екен. Соғыс басталған жылы әкем шешемді Үлкенбұлақтан (қазіргі Киик бекетінің жаны) алып қашып келіпті. Біреудің еркелетіп өсірген жалғыз қызы. Әкесі сегіз әйел алса да, шешемнен басқа бала болмаған екен. Балқаш көлінің маңындағы «Тасарал» балық колхозында, Хантауымен екі ортада, Арқа жерінде аң аулап, нөкерлерімен бірге менің шешемді қасынан қалдырмаған әкесі Әбеу атам қызын еркін өсірген. Жалғыз қызының артынан нөкерлетіп әкесі Әбеу атам өзі қуып келіп, түскен жерін, ата-енесін көрген соң, кері қайтыпты. Ауылдағы ер адамдардың барлығы соғысқа кетеді. Жетім-жесірлер, бала-шаға, қарттарды асырау үшін күндіз-түні жұмыс жасайды. Оның үстіне Үкіметтің тапсырмасы бар. Әйелдер мал бағады. Таң атпай сиыр сауады, оның қаймағын алып, май қылады, брынза, ірімшік жасайды. Соның бәрін түске дейін бітіріп, әрі қарай малға қарайды, егін егеді. Азын-аулақ бидайды үйді-үйге бөліп береді. Киетін киім жоқ. Ескі-құсқыны жамап, бірінің аяқ киімін бірі киіп, мектепке барып, білім алған балалар қаншама. Сол балаларға жаны ашып, іс мәшинесімен киім тігіп беретін. Марқұмдар Кұлжамал, Айтолқын, Бибігүл (есімде қалғандары), барлығына тапсырма беріп, тон тігіп, қалғанынан қолғап тігіп Үкіметке өткізген. Қолғапты қолдан тоқыған. Шамның жарығымен немесе білте шамның (жүнді сұйық майға шетінен малып қояды) жарығымен іс тігіп, апта сайын Үкіметке өткізіп отырған. «Қызыл отауда» әйелдерді жинап алып ән айтқызып, үйден келген патефонмен ән тыңдатады екен. Үнемі «Сұрасаң руымды Қаракесек» деп өлең айтатын. Даусы сондай керемет еді. «Қара қағаз» келген үйге көмектесіп, екі-үш күннен кейін үй иесі жұмысқа шығып, елмен бірге жұмыс жасап кетеді. Күнкөріс қиын. Көмір жоқ, ел отын, тезек, қи жинап отқа жағады. Ауырған бала-шағаны, үлкендерді әжем Әсия емдеген. Атам аңға шығып отырған. Аңның терісінен ішік, бас киім, аяқ киім тіккен. Қарағандыда қызмет жасайтын Бикен деген апамыз амандасуға



барған ауыл адамдарының басындағы түлкі тымақты көріп, «ана жақта бастарында бас киімдері жоқ, суықта тоңып жатқан солдаттарға жіберемін» деп, бастарындағы тымақтарын сыпырып алыпты.

1955 жылдары ауылда дөңнің үстіне тастан үй салады. Терезесі жерден бір метр жоғары, аласа там. Ол кезде кірпіш жоқ, қолдан құймайды. Қоржын там, екі пеш, үлкен-үлкен бөлмелер. Шешем ауылдық кеңеске мүше болатын. Ол кісісіз ештеңе шешілмейді. Жұрттың еңсесін түсірмей, барлығын колхоздың жұмысын жасауға шақырып жүретін. Біреуде бар, біреуде жоқ кез. «Өзіңе міндет алдың ба, аяғына дейін жаса. Ешқашанда шаршама, шаршасаң өлең айт» деп тәрбиелейтін. Ауылда немістер, украин, шешендер, кәрістер көп болатын. Немістерден тазалықты, қолөнерді, тамақ жасауды, кәрістерден ащы салатты үйрендік. Неше түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүрдік. Украиндықтар қолөнерге бейім еді. Күні бойы анам солардың барлығына жағдай жасап шапқылап жүретін, ал кешке бәріміздің басымыз қосылғанда қисса оқып беретін. «Ер Баянды» мәнеріне келтіріп айтатын, «Қыз Жібек» жырын, халық ертегілерін анамыздың аузынан естідік. Жалғыз радио біздің үйде болатын, сол радиодан берілетін пьесаны барлығымыз ұйып тыңдайтынбыз. Анам қолынан іс келетін жан еді, тігін тігетін, тоқыма, алаша тоқитын, киіз, текемет бастырып үйрететін. Ол кісінің еңбегі елеңіп, бірнеше медальдармен марапатталды. Он екі баланы өмірге әкелді. Содан бесеуіміз ғана қалдық. Ол кездегі ең үлкен марапат – Сталин медалімен марапатталған. Жеңіс туы желбіреп, бейбіт заман орнағанда соғыс ардагерлерімен кездесулер, концерттер мен театрларға жиі баратын. Рухани кештерден алған әсерін майын тамыза әңгімелеп беретін. Сол күндердің бәрі бүгін сағымға айналған. Сол кездерді сағынамыз. Әкем – Айтбай, атам – Ақым, шешем Қоңырлардың туған жерге сіңірген еңбектері зор.

Априза АЙТБАЕВА,
ҚР құрметті журналисі,
Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы

«Бауырсақ» ертегісі жаңа нұсқада



Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы «Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебінің» «Балауса шағын орталығында» Аққу тобында «Әжемнің ертегісі» жобасы аясында жаңа нұсқада «Бауырсақ ертегісі» аудандық семинары өтті. Балалардың ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу тілін, сөздік қорын, ойлау қабілеттерін дамыту бұл жобаның басты мақсаты болып табылады. Тәрбиешілер Бейсембаева Нағима, Оспанова Гүлсім, қазақ тілі мұғалімі Құсайынова Назгүл апайлардың жетекшілігімен ұйымдастырылған шара жоғары деңгейде өтті. Ауыл-аймақтардан педагогтар келіп тәжірибе алмасты.

Осы шарада Бейсембаева Нағима апай өз қолөнерін көрсетіп алжапқышқа «Бауырсақ ертегісін» безендіріп барша келген қонақтарды таңқалдыра білді. Бауырсақ ертегісін алжапқыш бетіне түсіру арқылы театрлық қойылым әрбір кейіпкерлерді табу үшін арнайы тапсырмалар дайындалған, тапсырмалардың жауабын табу арқылы бауырсақ кейіпкерлерге жетіп тақырып ашыла түскендей. Балаларға ұнағаны соншалық бәрі қызыға қатысып жасырылған тапсырманы шешу үшін бар ынта жігерлерін сала түсті. Бауырсақ ертегісін шеберлікпен алжапқышқа түсіріп, әрбір дизайнына үлкен мән берілгендігі жауапкершілікпен атқарылған

жұмыс екені анық. Алжапқыштың түсін таңдауының өзінде қаншама мән-мағына жатыр. Педагогтың біліктілігі мен шеберлігі, білімі мен өнері осы кезде сыналғандайғандай.

1-ші тапсырма үстел үстінде жасырылған бауырсақты қалташадан алып үйдің терезесіне орналастыру керек.

2-ші тапсырма Қоянға байланысты тақпақ

3-ші тапсырма Қасқырдың тапсырмасы: «Жартысын тап»

4-ші тапсырма жасырылған бейнені табу, үстел қалташалардағы сыбдырманы шешу арқылы Аюдың бейнесін табады. Аюға байланысты тақпақ айту

5-Тапсырма жасырылған бейнені табу, үстелдің үстінде түлкінің бейнесін арнайы дәндер салынған қалташаның ішінен саусақтың көмегімен түлкінің бейнесін табады.

Ауыл-аймақтардан келген педагогтар белсенділік танытып алжапқыш бетіне қолөнермен жабыстырылған кейіпкерлерге тамсанды. Тәжірибе алмасу барысында барлық педагогтер алғысын айтып Бейсембаева Нағима апайға алғыстарын жаудырды. Барша келген қонақтарға смайликтер таратылып естелікке сүгіретке түсті. Монтессори технологиясы, артикуляциялық жаттығу, тыныс-алу жаттығулары, яғни бауырсақты сууыту кезінде қолданды, қағазды жырту әдісі, яғни жұмыртқа қағазды жыртуы арқылы бауырсақты табуы, бұл да қолдың ұсақ моторикасын дамытады (сыбдырма ашу - аю, дәнді-дақылдар – ұсақ қол моторикасын дамыту,) түстерді ажырату сынды әдіс-тәсілдер қолданылды.

Баланың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытатын осындай семинардан ауыл-аймақтардан келген педагогтердің алары мол.

Артикуляциялық жаттығу баланың сөйлеу тілінің дамуына септігін тигізеді. Семинар өте жоғары деңгейде қызықты өтті.

ЖАРКЕЕВА Гүлдана Әділбекқызы,
Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы



«Биші болу- басты арманы»



Би... Бұл - үлкен өнер. Ал үлкен өнерді адамның тек көзбен көріп қана қоймай, жүреппен сезініп, түйсінетіні ақиқат. Би – сезім мен нәзіктілікті жеткізуші өнер. Би өнері - адам ойындағы, жүрегіндегі жазуды би тілімен жеткізе білетін тілсіз өнер. Би өнері-сезім мен ақыл-айдың үйлесімі, ол адамның өзін-өзі табуға, өзінше өмір сүріп, қоғамда өзін көрсетуіне мүмкіндік береді. Биші болу – бұл өнер мен адамның рухани дүниесі арасындағы терең байланыс.

Сатыбалды Ханифа Мәдиқызы 2014 жылдың 30-қараша күні Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Қазір Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылында И.Тайманов атындағы гимназияның 4-сыныбында оқиды. Балабашадан бастап 3 жасар Ханифа биге әуес болып, түрлі мерекелік шараларға қатысты. Мектеп жасына жеткен соң би үйірмесіне қатысып, облыс, аудан сахналарында өнер көрсетті. Қобда аудандық Өнер мектебінің би сыныбының 3-сынып оқушысы. Би десе «Ішкен асын жерге қоятын» Ханифаның биге деген ынтасын, талантын көріп ата-анасы қолдау білдіріп, түрлі байқауларға қатыстырды. Ең әуелі онлайн байқаудан бастап, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық би байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Ханифаның бір ерекшелігі би класында қатысса да, байқауларға жеке өзі шығады. Оның арнайы дайындайтын хореограф маманы жоқ, «Ютуб» желісінен өзіне ұнаған билерін жаттап алып, сол арқылы үлкен сахналарда өнерін көрсетіп, «көрермен көзайымы» болды. «Менің ең үлкен арнамым- Шара Жиенқұлова апамыздай атақты биші болып, Димаш Құдайбергенов ағамыз сияқты қазақтың би өнерін әлемге танытсам» деген бала арманы бар. Ең бастысы балада ынта, талпыныс соның ішінде тума талант бар. Ата-анасы киімдерін арнайы тіктіріп, баланың қатысамын деген байқауларына қалдырмай қатыстырады.

Ханифаның репертуарында «Ерке сылқым» «Жетісуым», «Алтынай», «Үкілі ару», «Қыз қылығы», «Қазақ қызы», «Ерке бала» сияқты көптеген ұлттық биімен қатар «Чин-тәхсә», «Лазги» сияқты өзбек, ұйғыр, үнді халықтарының билері және қазіргі замануи билер де бар. Халықаралық «Таланттар әлемі», «Nurliy Fest»,

«Ата мұра», «Дарынды бала», «Жарық жұлдыз», «Darin Fest», республикалық «Тәуелсіздік тұғырым», «Өнерлі бала», «Би өрнектері», «Ғажайыптар әлемі», аймақтық «Мега Шоу», «Жас дәурен», «Би сыры», «Қамажай», «Жауқазын» сияқты байқауларға қатысып, Бас жүлде және бірінші орын иегері атанды.

«Nurliy Fest» байқауынан Түркия мемлекетінің Алания қаласына, «Жарық жұлдыз» байқауына Стамбул қаласына Жолдама жеңіп алды. 2024 жыл соңында Қобда аудандық білім бөлімі аудандағы дарынды баларды одан әрі дамыту мақсатында марапаттау рәсімін ұйымдастырып, Ханифа «Қобда дарыны» атағымен марапатталды. Биылғы 2025 жылдың қаңтар айында Қазақстан-Ақтөбе телеарнасының «Жас дарын» дарынды балаларға арналған бағдарламаға шақырту алып, сұхбат берді. Кішкентай бишінің өнері үлкен экранда көрсетілді.

Наурыз айында өткен «Өнерлі бала» республикалық бишілер байқауына қатысып, «Жетісуым» қазақ биін билеп, 1 орынды жеңіп алып, әділ-қазылық еткен «Гүлдер» би ансамблінің бас балетмейстері Анвара Садыкованың қолынан марапатталды. Бұл балапан биші үшін үлкен қуаныш болды.

Жалпы бишілік өнер – бөлек әлем. Оның дамуында шек жоқ. Сезім мен ой тереңдігін, өмірге деген құштарлықты тілсіз жеткізетін би әлемінде жүрген кішкентай биші әлемге танылып, арманы орындалсын деген тілектеміз. Арманың орындалсын, болашақ биші!

Бақыт НАҒМЕТІЯРҚЫЗЫ,
Ақтөбе облысы, Қобда аудандық
орталықтандырылған кітапхана
жүйесінің әдіскері

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Әлеуметтік институт ретінде отбасы қоғаммен тығыз байланыста бола отырып, оның функцияларының бірқатары тікелей қоғам талаптарынан туындайды. Бір жағынан, отбасы-бұл өз заңдылықтары мен қызметтері әрекет ететін тұлғааралық қарым-қатынастар сферасы болып табылады. Осы орайда, қоғамның отбасыға және қоғамға қатысты, сонымен қатар, отбасының тұлғаға және тұлғаның оған қатысты функцияларын атауға болады. Осы тұрғыдан отбасы функцияларын әлеуметтік (қоғамға қатысты) және дара (тұлғаға қатысты) деп қарастыруға болады. Отбасы функциясы қоғамның отбасы институтындағы қажеттіліктерімен және отбасылық топқа қатысты тұлғаның қажеттіліктерімен тығыз байланысты болып келеді. Рухани қарым-қатынас отбасындағы бос уақытты бірге өткізудегі, өзара жан дүние байлығын нығайтудағы қажеттіліктерді қанағаттандыруда көрініс табады. Сонымен қатар оның құрамдас бөліктері: отбасы ішіндегі қарым-қатынасты ұйымдастыру; бұқаралық ақпарат құралдарымен, көркем әдебиет пен шығармашылық пен өзара бірлестіктегі отбасы мүшелерінің байланыс әрекеті, отбасының өз мүшелерінің қоршаған орта мен әлеуметтік орта арасындағы әртүрлі байланыстарға әсері болып табылады [1].

Отбасындағы ата-аналардың арасындағы үйлесімді тұлғалық келісушіліктерден отбасылық бақыт құралады, яғни бұл процесс барысында ой алмасу мен жағымды эмоциялар алмасуы жүзеге асады. Мұндай қарым-қатынастағы жағымды кері байланыстардың жүзеге асуына қажетті жағдай қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері мен қағидалар жүйесі болып табылады. Бұл тәрбиенің ең басты мақсаты - отбасында неғұрлым тығыз өзара түсінушілікті қамтамасыз ету. Сондықтан, рухани қатынастарды жетілдіру қарым-қатынас мәдениетінің жоғарылауын қамтамасыз етеді. Ата-аналардың қарым-қатынасы – тұлғаның өз-өзін жүзеге асыру сфераларының біріне жатады.

Отбасында әке мен ананың арасындағы рухани қарым-қатынас мәдениетінің негізі өзінің серіктесіне тең қарым-қатынаста қарау болып табылады. Мұндай қарым-қатынас барысында ата-аналар өздерінің рухани әлемін, балаларымен байланыс қабілеттерін жетілдіре түседі. Егер де ата-аналардың бірі екіншісінен өзін жоғары санап, өз тұғасын биік қойса, онда өзара түсінушілік бұзылып қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынастың барлық түрінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Осы орайда, ата-ананың бірін-бірі сыйлауы, өзара қолдауды қамтамасыз етуі аса маңызды болып табылады. Бұл жағдайлар нәтижесінде жан тыныштығын сақтауға және эмоциялардың жақындасуына көмектеседі.

Отбасының эмоциялық басқару оның мүшелерімен эмоциялық қолдау, психологиялық қорғаныс, өзара сыйластық және көңіл білдірудегі қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Отбасындағы оңтайлы эмоциялық атмосферасы оның әрбір мүшесіне ішкі сезімдерінің жағдайын жасырмауға, қуанышымен бөлісуге, сәтсіздіктер мен көңіл-күйін айтуға, толғандырып жүрген мәселелер бойынша кеңес алуға, рухани және физикалық күш-қуатын толтыруға және қалпына келтіруге кең мүмкіндік ашады. Отбасының алғашқы әлеуметтік бақылауы-отбасы мүшелерімен, әсіресе әртүрлі жағдайларға (жас ерекшелігі, сырқаттануы және т.б.) байланысты әлеуметтік ережелермен толық сәйкестікте өзінің әрекетін өз бетінше құруға жеткілікті деңгейде қабілетсіз мүшелерімен әлеуметтік ережелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Отбасында әрбір мүшесінің

физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына ата-аналардың жауапкершілік сезімі жоғары болуы шарт[3].

Отбасының мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, еңбек ұжымдарымен және басқа да отбасы мүшелерімен (туыстық, достық, көршілік), сонымен қатар, жекелеген тұлғалармен байланыс жасап, олармен түрлі сипаттағы қарым-қатынасқа түсетінін ескеру аса маңызды болып есептеледі.

Қазіргі таңда аса маңызды отбасы – адам өміріндегі алғашқы тәрбие ортасы әрі тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуының басты негізі болып табылады. Отбасындағы тәрбиенің дұрыс қалыптасуына әсер ететін факторлар тақырыбында маңызды мәселелерді терең талдауға болады.

Отбасы – баланың өмірдегі алғашқы ұжымы және оның адамгершілік, мәдениеттілік, патриоттық сезімдердің қалыптасуына негіз қалайтын орта. Зерттеу авторы отбасының тәрбиелеушілік міндеті қоғамдық тәрбиенің кез келген жүйесімен алмастырылмайтынын атап өтеді. Ата-ананың баланы өмірге әкелумен шектелмей, оған әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қабылдату, ұлттық дәстүрлерді бойына сіңіру және қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу – отбасының басты міндеті болып табылады. Бұл пікір Қазақстан Республикасының Ата Заңы мен «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілген ата-ана жауапкершілігіне сәйкес келеді.


Қорыта келе айтарымыз, ата-аналармен байланыс орнату, олардың тәрбиелік рөлін арттыру және мектеппен ынтымақтастықты нығайту арқылы баланың дамуына оң әсер етуі мүмкіндігі анықталды. Зерттеу барысында Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Мәдениет ауылының мектебінде жүргізілген тәжірибелік жұмыстар нәтижесінде ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы тәрбие сапасының 40%-дан 80%-ға дейін өскені байқалды. Мысалы, «Менің баламның мен білмейтін қырлары» атты іс-шара мен «Наурыз аруы» байқаулары арқылы ата-аналар мен балалар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастық нығая түсті. Зерттеудің тағы бір маңызды аспектісі – отбасының қазіргі заманғы дағдарыстарына байланысты туындайтын тәрбиелік мәселелер. Олар: экономикалық қиындықтар, ата-ананың жұмыспен қатар отбасына уақыт табудағы қиыншылықтар және мектеппен байланыстың әлсіреуі тәрбие сапасына кері әсерін тигізетіні анықталды. Бұл мәселелерді шешу үшін, ізгілендірілген тәрбие әдістерін, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетуді және мектеп-мәдениет ошақтарымен ынтымақтастықты ұсындық.

САПАТАЕВА Сабина,

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі «Ағылшын» бөлімінің 4 курс студенті, СЕКЕНОВА Б.Б., жетекшісі: педагогика пәнінің оқытушысы, п.ғ.м. Ақмола облысы

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Ата Заңы, 27-бап.
2. Ғалиев Е., Мектептің отбасымен байланысы, Тәрбие құралы, №1, 2015
3. Иманбекова Б., Бала тәрбиесін шешуде отбасымен мектеп арасындағы өзара әрекеттестік:// оқушы тәрбиесі №4,5, 2008



21 ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңа толқыны: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Жаңа ғасыр - адамдардың да сана сезімін басқа арнаға бұрады. Сондықтан, шығармалар да өзгеше сипатқа ие және сол қоғамдағы адамдарға сай жазылады. 21-ғасырдың да өзіне тән шығармалары бар. Бірақ, көбіне фантастикалық жанрдағы шығармалар.

Фантастика - адамның ой-қиялын дамытады. Дегенмен де, біз тарихи шындықтан алшақтап кетпеуіміз керек. Ең қызығы, осы жанрдағы шығармаларды оқу қиынға соғып жатады. Мысалы, Асқар Алтайдың “Киллер сауысқан” атты туындысын алсақ болады. Осы фантастикалық жанрдағы әңгімені оқығанда бірден түсіне қойған жоқпын. Мүмкін, сондай жанрды алғаш оқығандықтан ба деп ойладым. Бірақ, менің қатарластарымдағы балалар да түсіне қоймаған екен. Ең қызығы, сюжеттің қиындығы емес, кейіпкерлердің көп болуы мен қорқынышты оқиғалардың қайталануы кедергі болып, адамның психологиясына қатты әсер етті. Көзі жоқ сауысқан секілді кейіпкерлердің әрекеті де адамды бей-жай қалдырмайды. Тек бұл ғана емес, бірнеше шығармаларының да қоғамда өзіндік орны бар.

Екіншіден, қазір классиктердің шығармасы азайып, барлығы болашақ туралы жазуды қолға алған секілді. Сондықтан, классикалық шығармалар аз болып жатыр. Ал, оны іздеген оқырмандар 19-20 ғасырға сапар шегіп, сол заманның заңғар туындыларын оқуда.

Менің ойымша, әр заманның өзіндік классиктері мен тарихи шындықты жазатын жазушылары болуы керек. Кітапты жазатын адамдар санаулы-ақ болса да, оны оқитын адамдар әр дәуірде де кездеседі. Сондықтан, жазушылар қоғамға өтімді, сауатты, ұрпақты саналы ететін бірегей туынды жазуы керек.

САТТЫБАЕВА
Еркенур,
Алматы қаласы, Абай
атындағы РММИ
11-сынып оқушысы.
Супер: <https://jjtv.kz/>



АҚ ЖОЛ САҒАН, ЖАС ТІЛШІ!

Нұрдана біздің журналымыз бен желілік басылым-сайтымыз туралы мәліметтерді жанына жақын баспасөз басылымдарын іздегенде, көзі шалып қалып әлеуметтік парақшаларымызды тауып мәлімет алғанымен бөлісіп, өзін таныстырды. Биыл мектеп бітіргелі отырған жас түлек шығармашылыққа жақын екенін, сондықтан журналист мамандығын



тандағанын айтты. Нұрдананың жазған дүниелерімен таныстық. Н.Төлеуханова Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, «№3 Күршім гимназиясының» 11 – сынып оқушысы. Шығармалары редакцияға қабылданып, farabishakirti.kz сайтына жүктелуде. Farabi shakirti журналының алдағы нөмірлеріне де мақалалары мен ертегілері жариялады.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген даналыққа сүйенген жетекшісі Нурсейтова Акерке Тулеутаевна қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі. ШҚО, Күршім ауданының «Үздік педагогы-2019» аталымының иегері. 2025 жылы ҚР Оқу ағарту министрінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Талантты оқушылары аудандық, облыстық пәндік олимпиада, ғылыми жобалардың жүлде иегерлері атануда.

Жас тілшіміз Нұрданаға сәттілік тілеп, арманы орындалсын дейміз!

**«FSH» журналының
шығармашылық ұжымы.**

Афиныны бағындырған Айжан

Ерік-жігер дегенде, әдетте, көз алдымызға ғажап адам, өмірде кездейсоқ кездесе бермейтін жанның бейнесі елестейтіні анық. Біз ондай кісілер жанымызда болып, бір жерде бірге жүреді-ау деп те ойлай бермейміз. Алайда осы пікірімнің жаңсақ екеніне күні кеше көзім жетті. Олай дейтінім бар күшін қолына буып, биік белесті бағындырған қазақ қызының Грекия еліндегі ерлігін естідім. Ол – Күршімнің тумасы Қожабаева Айжанның Афины марафонында өнер көрсетуі.



«Айзатта» той тойлап, «Айзаттан» сауда жасап жүрген жерлестеріміз үшін Айжанның ата-анасы Мұрат ағай мен Меруерт апайдың есімі таныс. Бұл отбасы үшін еңбек — құрғақ сөз емес, сөз бен істің өзара қабысуы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, Айжан да аянбай еңбек етудің нәтижесінде үлкен жетістікке жетуде.

Афины марафоны – әлем марафоншылары үшін айтулы шаралардың бірі. Дәстүр бойынша қазан-қараша айында өтетін бұл шараға биыл Айжан да қатысты. Ата-анасының айтуынша, Айжан бала кезінен сан қырлы болған. Жеңіл атлетика, волейболға қатысып жүріп, ұлттық аспабымыз домбырада ойнап, көркем сөз оқыған. №3 Күршім гимназиясын «Үздік аттестатқа» тәмамдап, аудан әкімінің «Үздік оқушы», «Үздік спортшы» медалін алған. Алысқа қанат қаққан гимназия түлегі Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің экономика факультетіне грантқа түседі. Студент кезінде де спорттан қол үзбей, алыс қашықтыққа жүгіруге бет бұрады. Астана, Алматы, т.б. қалаларда және көрші қырғыз еліндегі Бішкекте өткен марафондарға қатыса жүріп, тәжірибе жинайды. Өз хоббиі арқылы Отанын әлемге танытқысы келген Айжан 42 шақырымдық марафонды бағындыруды қолға алады. Өз мақсатына жету үшін бұл спорт түрімен 2 жыл бұрын қарқынды түрде айналыса бастаған.

Спорт – тәртіп. Спорт – ерік-жігер. Спорт адамнан ерен еңбекті талап етеді. Соның дәлелі – соңғы екі жылда Айжанның күнде таңғы 5-те тұрып, кемінде 10 км қашықтықта жүгіруі. Үздіксіз дайындық Афиныға жеткізді.

Марафонға әпкесі Байкенова Айзаттың «Ханым»

ательесінде қазақи нақышта киім тіктірген. Бұл киімнің ерекшелігі – киімге ұлтымыздың батыр, батыл әйелдерінің аттарының жазылуында. Томирис, Айбике, Дина Нұрпейісова, Ольга Шишигина, Ольга Рыпаковалардың аттарын жаздырып, олардың елімізге сіңірген еңбегі алдында бас иетінін, олардың есімімен мақтанатынын жеткізді.

Қожабаева Айжан өз сөзінде әлемдегі ең алғаш марафон өткен мекенге, жаудың жеңілгенін еліне қуана жеткізген грек жауынгері Фидиппид жүгіріп өткен жерге табаны тигенде қобалжып, қуанғанын, бұл сәтті ешқашан ұмытпайтынын айтты. 42.2 шақырым қашықтықты 4 сағатта еңсерген қайсар қазақ қызы өз жеңісін халқының аяулы қыздарына, батыр аналарға, дана әжелерге арнады.

Бұл - асқан табандылық, дайындық әрі дисциплина нәтижесі. Сол табандылықты грек жерінде Қазақстанды танытқан қайсар қыз көрсетті.

«Ел ертеңі – жастар қолында» екенін ескерсек, Айжандай жастар қатары елімізде көбейе берсін. Біз, оқушылар, үлгі алатын, жерлестері есімімен мақтанатын азаматтарымыз ылайым көп болғай!



ТӨЛЕУХАНОВА
Нұрдана,
Шығыс Қазақстан
облысы, Күршім
ауданы,
№3 Күршім
гимназиясының
11-сынып
оқушысы

Болашақтың мамандығы

Қазіргі таңда сұраныс артып келе жатқан мамандықтардың қатарына жасанды интеллект инженерлері, деректер талдаушылары биотехнологтар, киберқауіпсіздік мамандары, экологиялық сарапшылар, IT-жобалау мен бағдарламалау саласының мамандары, сондай-ақ креативті индустрия өкілдері- видеомонтажшылар, контент жасаушылар, графикалық дизайнерлер жатады. Бұл салалардың барлығын біріктіретін ортақ қасиет - олар үнемі дамуды, жаңашылдықты, икемділікті талап етеді. Алайда кез келген адам үшін мамандық таңдауда тек сұранысқа қарап шешім қабылдау жеткіліксіз. Адам өзінің ішкі қалауын, қабілетін, мінезін және өмірлік құндылықтарын да ескеруі тиіс. Біреуге - нақты ғылымдар ұнайды, біреуге адамдармен жұмыс істеу, ал енді біреуге шығармашылық. Мысалы, интроверт мінезді адам үнемі адамдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді қиындық көруі мүмкін, ал экстраверт болса, шығармашылық топтарда, жобалық басқаруда өзін еркін сезінеді.

Сондықтан мамандық тек табыс табудың жолы емес, ол - адамның өмірінің үлкен бөлігін қамтитын, өзін жүзеге асыру алаңы. Мен өз болашағымды геоақпараттық технологиялармен байланыстырамын. Бұл салада жер туралы мәліметтерді карта, спутниктік суреттер, дрондар арқылы жинап, оларды талдау арқылы қала құрылысы, экология, көлік, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда нақты шешімдер қабылдауға көмектесуге болады. Бұл сала бір жағынан техника мен ғылымға, екінші жағынан - қоғамға пайдалы болуға негізделген. Сонымен қатар мен басқару мен жобалау салаларына да қызығамын. Болашақта осы салаларды үйлестіріп, өз жобаларымды жасап, адамдарға жаңа жұмыс орындарын ашқым келеді.

Мен бұл мамандыққа қызығып жүргеніме өте көп уақыт болды, әрине мамандық таңдау ешкімге де оңай жұмыс емес, мамандық таңдау-ол сенің өмірлік жолын оған жауапкершілікпен қарау керек. Себебі, бұл жұмыспен шаршамай, сүйіспеншілікпен істейтініңе адам нық сенімді болуы қажет. Бұл өмірлік табыс пен алға жетелейтін жұмыс деп түсінемін. Ешкімнің сөзіне мән бермей өз жүрегіне сеніп, өз мамандығын қателеспей барлығына дайын болуы қажет. Қазақстан мүмкін осындай жастар арқылы дамушы емес, дамыған ел болуға да әрқашан да мүмкіндігіміз бар деген сенімдемін. Біз бұл дүниеге құр босқа кетуден қорқуымыз қажет.

Ғалымдардың болжамы бойынша, әлемде 2030 жылға таман бүгінгі қолданыстағы 57 мамандық түбірімен жойылып, 186 жаңа мамандық дүниеге келеді екен. Өткен жылғы Давос экономикалық форумының баяндамасында 2020 жылы әлемдегі интеллект пен роботты техниканың дамуы нәтижесінде 2 млн жаңа жұмыс орны ашылатындығы, бірақ технологиялық жетістіктердің дәл осы мерзімде 7 млн-нан астам жұмыс орнын қысқартуға алып келетіндігі атап көрсетілді. Қазір мектеп қабырғасында жүрген оқушылардың 63 пайызы таяу болашақта бүгін заты түгілі, аты белгісіз мамандықтар бойынша жұмыс істейтін болады.

Бірінші кезекте, болашақ мамандықтарға эмоционалдық интеллект, яғни адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, ұжымда жұмыс істеу, конфликтілерді шешу дағдыларын енгізу қажет. Бұл – кез келген саланың негізі. Себебі болашақта роботтар техникалық жұмыстарды атқарғанмен, адамдар арасындағы қарым-қатынасты олар толық алмастыра алмайды.

Екіншіден, креативті ойлау мен инновацияларды енгізу қабілетін дамыту өте маңызды. Жаңа идеялар ұсыну, мәселені стандартты емес жолмен шешу – болашақ мамандарының басты артықшылығы болуы тиіс. Бұл қабілеттер әсіресе инженерия, IT, бизнес, ғылым салаларында аса қажет.

Үшіншіден, экология мен тұрақты даму мәселелерін кез келген мамандыққа енгізу керек. Инженер болсын, дәрігер немесе дизайнер болсын, олардың барлығы экологиялық жауапкершілікті сезінуі тиіс. Себебі болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз орта қалдыру – әр адамның міндеті.

Сондықтан әр жас мамандық таңдағанда жүрегінің үнін тыңдап, сонымен қатар заман талабын да ескергені жөн. Себебі Соңғы жылдары әлем қарқынды түрде өзгеріп жатыр: жасанды интеллект, робототехника, биотехнология, және жасыл энергия сияқты салалар бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерге жол ашты. Бұл өзгерістерге бейімделу үшін болашақтың мамандығы жан-жақты әрі бейімделгіш болуы тиіс. Қарапайым техникалық білім жеткіліксіз – адамзат алдында тұрған жаһандық мәселелерді шешу үшін жаңа көзқарас, терең түсінік және адамгершілік қажет.


Қорытындылай келе, болашақтың мамандықтарын тек техникалық не теориялық біліммен шектеу жеткіліксіз. Әлем күн сайын өзгеріп, жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктер пайда болуда. Мұндай жағдайда кәсіби маманның тек өз ісін жақсы білуі аздық етеді. Ол – сонымен қатар адамгершілігі мол, жауапкершілігі жоғары, жан-жақты ойлай алатын, тез бейімделетін тұлға болуы керек. Сондықтан болашақ мамандықтарына міндетті түрде эмоционалдық интеллект, шығармашылық қабілет, экологиялық сауаттылық және сыни ойлау сияқты маңызды қасиеттерді қосу қажет. Бүгінгі таңда жаһандық мәселелер – климаттың өзгеруі, әлеуметтік теңсіздік, цифрлық қауіпсіздік – барлығына ортақ. Болашақтың мамандығы – бұл жай ғана жұмыс емес, бұл – қоғамға қызмет етудің, әлемді жақсартуға атсалысудың бір жолы. Мұндай мамандықтар адамзаттың жарқын болашағына бағытталған және соған сеніммен қадам басатын нағыз көшбасшыларды тәрбиелеуге тиіс.

СҮНДЕТҚАЛИ Инабат
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
№42 «Ақ ниет» гимназиясының

10 «А» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА Айгерим Мерғалиевна,
тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Педагог-модератор.
Педагогика ғылымдарының магистрі.



«БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ»

Қазіргі қоғам қарқынды дамып жатқан технологиялар дәуірінде өмір сүріп жатыр. Технологиялар мен инновациялар біздің күнделікті өмірімізді ғана емес, жұмыс әлемін де түбегейлі өзгертуде. Сондықтан болашақтың мамандықтары туралы ойлану – заманауи адамның маңызды мәселелерінің бірі. Болашақта кейбір мамандықтар жойылып, олардың орнын жаңа салалар басуы мүмкін. Автоматтандыру мен жасанды интеллекттің дамуы қарапайым және қайталанатын жұмыстарды машиналарға тапсырып, адамдарға креативті және аналитикалық қабілеттерді талап ететін мамандықтарға шоғырлануға мүмкіндік береді. Мысалы, деректер ғылымы, биотехнология, жасанды интеллект әзірлеушісі және ғарыштық инженерия салалары болашақта үлкен сұранысқа ие болады.

Алайда, технологиялық прогресс адамзаттың тек техникалық қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және эмоционалдық интеллектін де дамыту қажеттігін көрсетіп отыр. Болашақта адамдарға ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, креативті шешімдер табу және этикалық мәселелерді шешу қабілеті маңызды болады. Мысалы, медицина, психология және білім беру салалары да өзектілігін жоғалтпайды. Сонымен қатар автоматтандыру, жасанды интеллект және деректерді талдау болашақта басты бағыттар болмақ. Мысалы үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, оны бизнесті дамытуға қолдану арқылы ақылды жүйелерді құрастырып, олардың қоғамдағы ролін кеңейту.

Мамандық адамның қабілеті мен қызығушылығын жүзеге асыруына, қоғамға пайда әкелуіне мүмкіндік береді. Әрбір мамандықтың өз ерекшелігі мен маңызы бар. Біреулер медицина арқылы адамдардың өмірін сақтаса, басқалары білім беру саласында жас ұрпақтың болашағын қалыптастырады. Ал үшінші біреулер инженерия арқылы жаңа технологиялар мен құралдарды жасап, өмірді жеңілдетеді. Таңдалған мамандық адамның өмір сүру сапасын, кәсіби жетістігін және жеке қанағаттанушылығын анықтайды. Жақсы мамандық адамға тек материалдық тұрақтылық қана емес, сонымен бірге рухани ләззат та береді. Өзіңізге ұнайтын жұмысты таңдасаңыз, ол сізге ешқашан ауыр көрінбейді.

Жалпы болашақтың мамандығы – бұл тек бір кәсіптің аясында шектелмейтін, технологиялар мен инновацияларға бейімделген, адам қабілеттерін толық ашатын жаңа бағыттар. Қоғамның қарқынды дамуы, жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және экологиялық мәселелер еңбек нарығын түбегейлі өзгертуде. Сондықтан болашақтың мамандықтары туралы ойлану – әрбір адамның өз өмірін жоспарлаудағы маңызды қадамдарының бірі. Болашақтағы негізгі бағыттар-технология және цифрлық даму. Олардың ішіне жасанды интеллект әзірлеушілері, деректер сарапшылары, киберқауіпсіздік мамандары еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие болады. Бұл мамандықтар қазіргі технологиялық прогреске жауап береді және оның болашағын анықтайды. Сонымен қатар экология және тұрақты да климатологтар, жасыл технология инженерлері және қалдықтарды қайта өңдеу мамандары экологиялық дағдарысқа жауап беретін

негізгі тұлғаларға айналады. Бұл бағыт адамзаттың табиғатпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз етеді. Ал денсаулық сақтау телемедицина мамандары, биоинженерлер және генетикалық зерттеушілер медицина саласындағы жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл мамандықтар адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Шығармашылық және әлеуметтік салаларда медиа-контент дизайнерлері, эмоционалдық интеллект тренерлері және әлеуметтік инноваторлар адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен шығармашылық үдерістерді жаңа деңгейге көтереді.

Қазіргі еңбек нарығында мамандықтың көпқырлылығы маңызды рөл атқарады. Бұл ұғым адамның бір емес, бірнеше салада білімі мен дағдылары болуы қажет екенін білдіреді. Қоғамның қарқынды дамуы, технологиялық өзгерістер және жаңа талаптар мамандардың әмбебап болуын талап етуде. Мамандықтың көпқырлылығы – адамның негізгі кәсіби саласынан бөлек, басқа да бағыттарда жұмыс істей алатын қабілеті. Мұндай әмбебаптық қазіргі уақытта табысты

мансаптың негізгі факторларының бірі болып табылады. Мысалы, бір маман инженерия саласынан бөлек, жобаларды басқару немесе IT-технологиялар саласында жұмыс істей алады. Бірнеше саланы меңгерген адам еңбек нарығында тұрақты орын алып, қоғамның өзгеріп жатқан сұраныстарына жылдам бейімделе алады. Мысалы, инженерлік білімді меңгерген маман өз дағдыларын экологиялық мәселелерді шешу үшін қолдана алады немесе IT-технологияларды пайдалана отырып, білім беру саласын жақсартып алады. Бұл әмбебаптық олардың әртүрлі жобалар мен бастамаларда тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазіргі заманның жылдам өзгерістері мен технологиялық прогресі болашақ

мамандықтарының табиғатын түбегейлі өзгертуде. Жаңа мамандықтар тек техникалық білімді ғана емес, креативтілік, әлеуметтік және эмоционалдық интеллект сияқты қабілеттерді қажет етеді. Әмбебап маман болу – болашаққа деген сенімді қадам жасаудың негізгі шарты. Бірнеше саланы меңгеру, жаңа білімді игеру және өзгерістерге бейімделу арқылы әрбір адам еңбек нарығындағы тұрақтылығын қамтамасыз ете алады. Бұл жеке дамуға ғана емес, қоғамның тұрақты дамуына да үлес қосады. Өмір бойы оқу және жаңа жағдайларды қабылдау – болашақтың белгісіздігіне дайын болудың негізгі құралы. Адамның кәсіби қабілеттері мен адамгершілік құндылықтары үйлесім тапқанда ғана болашақ мамандықтары қоғам игілігіне қызмет етеді. Болашақтың мамандықтары – бұл адамзаттың дамуын жаңа деңгейге көтеретін мүмкіндік. Өзгерістерді қабылдап, соған бейімделе отырып, біз болашақтың талаптарына сай өмір сүре аламыз.

ТЕМИРХАНОВА Арайлым
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
№42 «Ақ ниет» гимназиясының
9 «Е» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА Айгерим Мерғалиевна,
тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Педагог-модератор.
Педагогика ғылымдарының магистрі.

Гендерлік теңдік: артықшылық па, әлде қажеттілік пе?

ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:

«Мемлекет гендерлік теңдікті сақтауға, әйелдер құқығын қорғауға және отбасы құндылықтарын нығайтуға әрдайым баса мән береді».

Елімізде гендерлік күн тәртібін ұлттық гендерлік стратегияны іске асыруды үйлестіру мен мониторингілеу саласында және гендерлік теңдікке байланысты мәселелер бойынша басқа мемлекеттік органдарға сараптамалық кеңес беру саласында жетекші рөл атқаратын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы кеңесші орган – Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия іске асырады.

Гендерлік теңдік – ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі. Қазіргі қоғамда бұл ұғым жиі талқыланады, бірақ оған деген көзқарас әртүрлі. Біреулер оны заман талабына сай табиғи құбылыс деп қабылдаса, енді біреулер артықшылық ретінде қарастырады. Бұл теңдіктің шынайы мәні қандай? Ол бәріне бірдей қажет пе, әлде белгілі бір топтарға ғана пайдалы ма?

Көптеген адамдар гендерлік теңдікті тек құқықтық мәселе деп түсінеді, алайда оның әсері әлдеқайда ауқымды. Экономика, саясат, білім және отбасы институты-барлығы гендерлік теңдік деңгейіне тәуелді. Егер қоғамда ерлер мен әйелдерге тең мүмкіндіктер жасалса, онда әлеуметтік және экономикалық даму қарқынды жүреді. Әйелдердің білім алуына, мансаптық өсуіне және шешім қабылдау процестеріне белсенді қатысуына жағдай жасалған елдерде экономикалық тұрақтылық жоғары, кедейшілік деңгейі төмен, тұрмыстық зорлық-зомбылық аз болады. Егер әйелдер мен ерлер сапалы білім алуға бірдей мүмкіндікке ие болса, онда қоғамда сауаттылық деңгейі артып, кәсіби мамандар саны көбейеді.

Мысалы, Финляндия мен Швецияда әйелдер мен ерлерге бірдей білім беру бағдарламалары ұсынылады, нәтижесінде бұл елдер инновация мен технологиялық даму бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Гендерлік теңдік отбасылық қарым-қатынастардың теңгерімді болуына ықпал етеді. Ерлер мен әйелдердің отбасылық міндеттері тең бөлінген қоғамдарда өмір сапасы жоғарылайды. Мысалы, Дания мен Норвегияда ата-аналардың декреттік демалысқа шығу мүмкіндігі тең бөлінген, бұл әйелдерге мансабын жалғастыруға, ал ерлерге бала тәрбиесіне белсенді араласуға мүмкіндік береді. Демек, гендерлік теңдік тек әлеуметтік әділдік қана емес, сонымен қатар экономикалық тиімділік мәселесі.

Дегенмен, кейбір қоғамда әлі күнге дейін әйелдер мен ерлер арасында жалақы айырмашылығы бар, әйелдердің басқарушылық қызметке орналасуы қиын, ал кейбір аймақтарда қыз балалардың білім алу мүмкіндігі шектеулі. Бұл теңсіздік тек әйелдер үшін емес, жалпы қоғам үшін



кері әсерін тигізеді. Тең мүмкіндіктер болмаған жағдайда таланттар мен әлеует толық ашылмайды, бұл бүкіл мемлекеттің дамуын тежейді. Мысалы, Ауғанстан-әлемдегі ең гендерлік теңсіз елдердің бірі. 2021 жылы билікке Талибан келгеннен кейін әйелдерге білім алу, жұмысқа орналасу және қоғамдық өмірге араласуы шектелді. Осы жағдайдың әсерінен Ауғанстанның ЖІӨ - і 2023 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 28 пайызға төмендеген. 2021 жылдан кейін әйелдердің 90 пайызы жұмысынан айырылды. Бұл кедейшіліктің артуына алып келді. Мұндай мысалдар әлем елдерінде жетерлік. Ал дамиын деген елдер осындай жағдайды болдырмай, гендерлік теңдікке көңіл бөліп, бәсекеге қабілетті елдермен терезесі тең өмір сүруге тырысуда.

Бұл мәселеден Қазақстан да тыс қалған жоқ. Негізінен статистикаға сүйенсек, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың 83 пайызын ер адамдар жасаса, 17 пайызын әйелдер құрайды екен. Сондықтан әйелдердің басшылық құрамда қызмет етуіне барынша мүмкіндік беріп, қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуіміз қажет.

Қорыта келе, гендерлік теңдік - қоғамның барлық салаларында тең мүмкіндік жасау арқылы әлеуметтік дамуды қамтамасыз ететін маңызды фактор. Ол білім беру, еңбек нарығы, отбасылық қатынастар, саясат және қауіпсіздік сияқты негізгі бағыттарға әсер етіп, тұрақты әрі әділетті қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан гендерлік теңдік - тек бір топқа берілетін артықшылық емес, қоғам дамуына тікелей әсер ететін қажеттілік.

АЛИЗАХ Ақниет,
Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ 11- сынып оқушысы.
Жетекшісі: Сағындыкова Салтанат Санекеевна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Сурет: <https://www.gov.kz/https://www.gov.kz/>
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы.

«Болашақтың мамандығы»

Болашақтың мамандығы дегенде ең алдымен технологияның даму қарқынын ескеру керек. Қазіргі таңда көп мамандықтар автоматтандырылып, олардың орнын компьютерлер, роботтар және жасанды интеллект басып жатыр. Сондықтан болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар – бұл шығармашылықты, сыни ойлауды, эмоционалды интеллектіні талап ететін, адамды адам ретінде қажет ететін салаларда болмақ. Мысалы, бағдарламалау, киберқауіпсіздік, IT-сала, генетика, биотехнология, жасанды интеллект салалары өте жоғары сұранысқа ие болуда.

Сонымен қатар, медицина да ешқашан өз маңызын жоймайды. Болашақта медицина саласында жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін. Мысалы, генетикалық терапевт, виртуалды хирург немесе жасанды ағзалармен жұмыс істейтін мамандар. Себебі адам денсаулығы – бұл әрқашан маңызды. Адамдар әрқашан ұзақ өмір сүргісі келеді, сондықтан денсаулық сақтау саласы да дамиды және жаңаша мамандықтарды қажет етеді.

Одан бөлек, экология, климат өзгерістері мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері де өзекті болып отыр. Жер шарының болашағы бізге байланысты. Сондықтан экологиямен байланысты мамандықтар – яғни, экологиялық сарапшы, климатолог, қалдықтарды өңдеу инженері, «жасыл» энергетика саласының мамандары – болашақта аса қажетті болады. Бұл мамандықтар табиғатты сақтап қалуға көмектеседі.

Әлеуметтік салалар мен педагогика да болашақта үлкен рөл атқарады. Себебі адамның тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін мамандықтар – бұл мұғалімдер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер. Әсіресе баламен және жасөспіріммен жұмыс істеу саласы – өте жауапты, әрі қажетті сала. Жаңа заманға лайықты педагог – бұл тек білім беруші емес, ол тәрбиеші, кеңесші, әрі шабыттандырушы.

Сондай-ақ шығармашылық мамандықтар да өз маңызын жоғалтпайды. Әнші, актер, дизайнер, фотограф, видео-монтаждаушы, блогер сияқты мамандықтар бұрынғымен салыстырғанда өзгергенімен, сұранысқа ие болып қала береді. Қазіргі таңда TikTok, YouTube сияқты платформаларда жұмыс істеу де мамандыққа айналып барады. Бұл да болашақтың бір бөлігі.

Бүгінгі күні көп адам тек табысқа қарап мамандық таңдайды. Бірақ бұл дұрыс емес. Себебі адам тек ақша үшін емес, жүрек қалауымен жұмыс істеуі керек. Сонда ғана адам өз ісіне риза болады. Жүрекпен таңдалған мамандық – бұл адамның өмір жолы. Егер мамандығың өзіңе ұнамаса, сен ешқашан бақытты бола алмайсың.

Қазір мектепте оқып жүрген біз үшін бұл тақырып өте маңызды. Себебі 9-сыныптан кейін көптеген оқушылар колледжге түсуді, ал кейбірі 11-сыныпқа дейін оқуды жоспарлап отыр. Міне, осы кезеңде мамандық туралы терең ойланып, болашақ жоспарыңды нақтылап алған жөн. Қандай салаға бейімсің, немен айналысқанды жақсы көресің – осы сұрақтарға жауап табу маңызды. Мысалы, мен өзім компьютерге жақынмын. Бағдарлама құрастыру, видео өңдеу сияқты істермен айналысқанды ұнатамын. Сондықтан мен IT саласына қызығамын. Бұл сала – болашақтың жолы.

Себебі қазір барлық жерде цифрландыру жүріп жатыр. Банк, мектеп, медицина – бәрі де технологиямен тығыз байланысты. Осы себепті мен де өз орнымды осы саладан табамын деп сенемін.

Тағы бір мәселе – болашақ мамандықтарға дайындалу. Тек мектептегі біліммен шектелмей, қосымша курстарға, онлайн сабақтарға қатысу керек. Қазір интернет арқылы көптеген пайдалы білім алуға болады. Соған уақыт бөлуіміз керек. Сонымен қатар, шет тілдерін үйрену – заман талабы. Көптеген болашақ мамандықтар ағылшын тілін білуді талап етеді. Сол себепті біз қазірден бастап ағылшын, орыс немесе басқа да тілдерді меңгеруіміз керек.

Болашақ мамандықты таңдау – бұл бір күндік іс емес. Ол үшін ойлану, сараптау, жоспар құру қажет. Ата-анамен, мұғаліммен кеңескен де дұрыс. Себебі үлкендерде өмірлік тәжірибе бар. Бірақ түпкілікті шешімді әр адам өзі қабылдауы тиіс. Өйткені ол мамандықпен өмір бойы жұмыс істейді. Таңдаған ісің – өмірлік серігің болады.

Болашақта қандай мамандық пайда болатынын ешкім нақты білмейді. Бірақ бір нәрсе анық – адамдарға креативтілік, бейімделе білу, жаңа білімді тез меңгеру қабілеті қажет болады. Болашақта бір адам өмірінде бірнеше мамандық иесі болуы

мүмкін. Қазіргі заманда мамандықты ауыстыру қалыпты нәрсе. Сондықтан біз тек бір саланы ғана емес, бірнеше бағытты меңгеруге ұмтылуымыз керек. Мысалы, дизайнер әрі бағдарламалаушы, дәрігер әрі психолог, мұғалім әрі блогер деген сияқты. Бұл – жаңа заманның талабы.

Қорытындылай келе, болашақтың мамандығы – бұл адамға рухани да, материалдық та қанағат әкелетін сала. Ол үшін біз қазірден бастап өзімізге сұрақ қоюымыз керек: «Маған не ұнайды?», «Мен неге бейіммін?», «Қандай іспен айналыссам, бақытты боламын?» деген. Сол сұрақтардың жауабын тапқанда, біз өз жолымызды да табамыз. Болашақ бізден білімді, ашық ойлы, жан-жақты жастарды күтеді. Сондықтан бүгіннен бастап дайындалайық.

АЙДЫНҚЫЗЫ Алина,

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,

№42 «Ақ ниет» гимназиясының

9 «Е» сынып оқушысы.

Жетекшісі: СИСЕКЕШЕВА Айгерим Мерғалиевна,

тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

Педагог-модератор.

Педагогика ғылымдарының магистрі.

Сурет: <https://aqmeshit-apталыгы.kz>



«Мен қазақ қыздарына қайран қалам»

Қазақ қоғамында қыз бала – тек отбасының мүшесі ғана емес, ұлттың ары мен абыройының символы. Ата-бабаларымыз ежелден қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән беріп, оның бойындағы адамгершілік пен сұлулықты, парасаттылық пен инабаттылықты жоғары бағалаған. Қыз баланың тәрбиесі – бір ғана отбасының емес, тұтас елдің мәдениеті мен рухани деңгейінің көрсеткіші ретінде қарастырылған. Сондықтан да қазақ халқында «Қыз өссе – елдің көркі» деп, қыз баланың болмысын әдемілік пен тәрбие ұғымымен қатар қойып, үлкен жауапкершілік артқан.

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қыз баланың тәрбиесі – ұлттың болашағына салынған іргетас. Өйткені ол – болашақ ана. Ана – тәрбиеші. Ана – ұлтты тәрбиелейтін негізгі тұлға. Осы тұрғыдан алғанда, әр қазақ қызы – болашақтың сәулесін жарық ететін шамшырақ. Оның бойында тек сұлулық емес, терең парасат, сабырлылық пен кеңдік, инабаттылық пен ізгілік сияқты ұлттық құндылықтар тоғысуы керек.

Белгілі қазақ ақыны, лирик, драматург Исраил Сапарбай.

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары жаны жаздай жайрандаған...»

деген жолдары – осы асыл қасиеттерге толы қыз бейнесін поэтикалық тұрғыдан бейнелеу. Ақынның таңданысы – сыртқы сұлулыққа емес, жан дүниесінің мейіріміне, мейірбан нұрына бағытталған. Бұл сөздер – ішкі тәрбиенің сыртқы болмысқа қалай көрініс беретінінің дәлелі.

Қыз тәрбиесінің бастауы – отбасында. Бойжеткеннің сөйлеу мәнері, киім киісі, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті – оның алған тәрбиесінің айнасы. Осындай ұлттық қалыпта тәрбиеленген қыз ғана қоғамға, отбасына, ұлтқа шын мәнінде пайда әкеледі.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ – МӘДЕНИЕТ ПЕН РУХАНИЯТТЫҢ АЙНАСЫ

Қазақ қызы – ұлттың мәдени бейнесі. Оның бойындағы рухани тазалық пен жүріс-тұрысындағы әдептілік – халқымыздың ұлттық дүниетанымының көрінісі. Халық арасында кең тараған аңыз-ертегілер, батырлар жыры мен дастандарда кездесетін қыз бейнелері – елдің ар-намысын қорғаған, ақылымен, ерлігімен ерекшеленген дара тұлғалар.

Осы тұрғыда ақын былай дейді:

«Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын...»

Мұндағы «қызыл алтын» – аса қымбат, жоғалса орны толмас асыл заттың символы. Бұл теңеу арқылы ақын қыз баланың тек жан сұлулығын ғана емес, оның ұлттық құндылықтар жүйесіндегі ерекше орнын да атап көрсетеді.

Ал «туған айдай» бейнесі – қыздың жүзіне, болмысына тән тазалықты, нұрлылықты паш етеді.

Бүгінде де осы сипаттарды бойына сіңірген қыздарымыз – еліміздің әр саласында жетістіктерге жетіп отыр. Олар ғылым мен техникада, білім мен денсаулық сақтау саласында, мәдениет пен спортта алдыңғы қатарда. Алайда олардың жетістігі – ұлттық болмысымен ұштасқанда ғана мағыналы.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген бір ауыз сөздің ар жағында – ұлттық тәрбие, рухани тазалық, моральдық биіктік жатыр. Ақын бұл сөздерімен барша ұлтқа үлгі болатын қыз бейнесін сипаттап отыр. Оның жыры арқылы біз қазақ қызының көркем бейнесін ғана емес, ұлттық тәрбиенің терең философиясын сезінеміз.

Қазақ қызы – аналық мейірімімен де, парасатымен де, жан сұлулығымен де елдің рухани тірегі. Ұлттың болашағы тәрбиелі қыздардың қолында. Сол себепті біз оларға әрдайым қайран қалып, қолдау білдіруіміз керек.

УЗАКБАЙ Арайлым Серікбайқызы,
КурсANT SCHOOL

Алматы облысы, Карасай ауданы.

Суретті түсірген-Мақсат Шағырбаев,

<https://photooner.kz>



МАХАББАТ ОТБАСЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Күндердің бір күнінде, қиял мен шындық арасындағы шексіз көгілдір аспан астында бір ғажайып ел өмір сүріпті. Ол елге тек жүрегі таза, ниеті ақ адамдар ғана кіре алатын. Елді мекеннің адамдары қой аузынан шөп алмайтын момын, қонақжай еді. Табиғаты ерекше – мөлдір көлдері, алтын күн шуағына бөленген кең жазықтары мен биік шыңдары бар. Елдің негізгі заңы – сыйластық пен мейірімділік. Ғажайып елдің аты – Арманай елі. Үміттер мен армандардың әрі қиял-ғажайыптың үйлесім тапқандығынан болар, бұл елді мекеннің тұрғыны болу - әркімнің арманы еді. Алайда ол арманға қол жеткізу көпшіліктің маңдайына жазылмаған бақ екен.

Мамыражай көктемнің бір күнінде бұл елді көрсе, қаны қарайып, төбе шашы тік тұратын Қаракөлеңке жерінің ханы Арманай елінің татулығы мен бірлігін көре алмай, оларға қастық істеуді ойлады. Оған өз иелігіндегі жердің үнемі қастандық пен зұлымдықтың қара түнегінің астында орналасқаны, көзге көрінер бір сәуленің жоқтығы ұнамайтын. Таңның атысынан түннің батысына дейін Түнек әміршісінің бар ойы - осы зұлымдықты іске асыру еді. Әрі ойланып, бері ойланып ол Арманай еліне нөкерлерін жіберіп, оны жойып жіберуді ойластырды.

Арманайдың басты мерекесі 22 наурыз ынтымақтастық күні болатын. Түнек әміршісі де дәл осы күні өз жоспарын іске асыруға бел буды. Арманайлықтар үшін 22 наурыз әдеттегідей мейраммен басталды. Қара түнді таң жарығы жеңіп, терезе бозара бастаған. Құйқылжыған бұлбұл үні құлақ құрышын қандырды. Елдің бәрі мейрамды тойлауға кірісіп, бір-бірін құттықтап жатты. Халық ән айтып, би билеп, ат шаптырып той жасап жатты. Сәске күн көтерілді. Кенет Қаракөлеңке елінің қара түннің қараңғылығындай, әр жендеттің сауытына зұлымдық ұялаған, қылышы қан тамдырар, алдаспаны арысты жығар әскері келіп қалды. Олар беттерін ешкім көрмейтін қара түннің қара түнегіндей матамен жауып алыпты. Әскерлер келе сала, той тойлаған елді қоршап алды.

Аяқ астынан шыққан жауға ел аңтарыла қарады. Кейбіреуі тіпті сенбейтіндей. Халықтың үрейі ұшты. Сол сәтте аспанды қара бұлт торлап, табиғат та елді екінші жағынан өз қыспағына алғандай болды. Зұлым күш әскерінің көптігі сонша – айналаны қап-қара түнек басты. Арманай елінің жағдайы нашарлай түсті. Себебі

жау әскері көлеңкеде еркін қозғалатын, көлеңке мен қараңғылық оларға қосымша күш беретін. Тасжүрек әскер аяушылық пен мейірім дегенді білмейді. Оларды жеңу үшін тек батыл жүрек, таза ниет және ерекше ұйымшылдық қажет.

Зұлымдықтың күші қаншалықты сұсты болғанымен, әділдік пен мейірімділік оны жеңе алады. Міне, дәл осы қасиеттер жайлаған бір отбасы нөкерлерге қарсы тұрады. Отбасының мүшелерінің есімдері ерекше.

Отағасының есімі - «Ма», жарының есімі – «Хаб», баласының есімі – «Бат» екен. Олар жүректерінің тазалығы, ниеттерінің адалдығы мен істерінің дұрыстығының арқасында халық болып бірлесе әскерге төтеп берді. Қанша жерден айлалы, берілмес жаудың өзі біріккен күшке төтеп бере алмай кері шегінді. Арманай елі өзінің байырғы қалпына келіп адал өмірін сүруді жалғастырды. Осылайша «Махаббат» отбасының бастамасының арқасында жер жойылып кетуден аман қалды. Отбасының әр мүшесінің ерлігі тарихта мәңгі сақталып қалды: Әкенің ақылы мен батылдығы қараңғылыққа жол бермеді.

Ананың мейірімі, тіпті, ең қатігез жүректі де жұмсартып, үміттің ұшқынын жақты.

Балалардың бірлігі мен тапқырлығы арқылы зұлымдықтың ең қуатты қаруы жойылды. Қаракөлеңке елінің түнектері сейіліп, табиғат қайтадан жанданды. Аспан жарқырап, далаға көктем келді. Бейбітшілік орнап, адамдар мейірімділік пен әділдіктің күшін түсінді. Ауылдың ең биік төбесіне «Батыр отбасы» құрметіне арналған «Махаббат» шырағы орнатылды. Ол шырақ түнде жарқырап, кез келген уақытта әділдік пен батылдықты еске салып тұратын болды.

Ертегі осымен аяқталды, бірақ отбасының ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Бұл ертегі әділдікке сенудің, отбасылық бірліктің және мейірімнің зұлымдықты қалай жеңе алатынының символына айналды. «Мейірімділік пен бірлік бар жерде, тіпті ең қалың түнекті де жарық жеңеді»6 - деп барша жұрт ұрандады. Ақыры, әділдік салтанат құрып, батыр отбасының татуласқан күші мен мейірімге толы жүректері Қаракөлеңке елінің зұлым әскерін жеңіп, елге жарық пен тыныштық әкелді. Осылайша әділдік қашанда жеңіске жететініне көзіміз жетті.

**ТӨЛЕУХАНОВ Нұрдана,
ШҚО, Күршім ауданы,
«№3 Күршім гимназиясының»
11 - сынып оқушысы**





ЖАЙЛЫ МЕКТЕП - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

«Жайлы мектеп» - заманауи білім беру кеңістігінің жаңа деңгейі. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі тың серпінмен жаңғырып, жаңа бағыттармен дамып келеді. Бұл бастаудың айрықша көрінісі ретінде «Жайлы мектеп» жобасын байқауымызға болады. Бұл – бастама үш ауысымды және апатты мектептердің мәселесін шешуді, сондай-ақ оқушыларға сапалы әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруды көздеген маңызды қадам. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған бұл жоба қазіргі заманның талабына сай, қауіпсіз, ыңғайлы әрі озық инфрақұрылыммен жабдықталған мектептер салуға бағытталған.

«Жайлы мектеп» – Қазақстанның әр өңірінде қауіпсіз, керекті құралдармен жабдықталған. 2025 жылға дейін елімізде 208 білім орны салынуы жоспарланған. Аталған жоба аясында Астана қаласында бірнеше мектептер пайдаланылуға берілді. Мысалы, Нұра ауданында №100 жаңа мектеп ашылып, 2000 орынға толтырылған. Бұл білім ошағында 4 спорт залы, 130 оқу кабинеттері, 450 орындық асхана сонымен қатар, коворкинг орталығы қарастырылған. Жобаның басты ерекшелігі-заман талабына сай оқу ортасын қалыптастыру. Атап айтсақ, барлық интерактивті тақта мен компьютер бар. Бұл – білім беру процесінің заманауи технологиялармен қамтамасыз етілгенін көрсетеді. Интерактивті тақталар мұғалімдерге сабақты қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Олар арқылы көрнекі материалдар мен тапсырмалар көрсетуге болады. Ал оқушылар үшін бұл құралдар сабақке белсенді қатысуға, білімін тереңдетуге жол ашады. Сонымен қатар, әр оқушының компьютермен қамтылуы – цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Екіншіден, робототехника және кәсіптік кабинет жағдайы қарастырылған. Бұл - оқушылардың ғылым мен техниканы тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді.

Робототехника кабинеті арқылы оқушылар инженерлік ойлау қабілетін дамытады, түрлі құрылғылар құрастырып, нақты жоба жасай алады. Ал кәсіптік кабинет–болашақ мамандық таңдауға бағыт береді. Онда оқушылар тігіншілік, электр техникасы сияқты әртүрлі салаларда тәжірибе жинақтай алады. Бұл– “көлөнерді дамыту” идеяларын іске асыратын маңызды орта.

Келесі, коворкинг алаңы, шығармашылық студиялар, кітапханалар оқушылардың жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Коворкинг алаңы – оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне арналған еркін кеңістік. Мұнда олар топпен жұмыс істеуді, пікір алмасуды үйренеді. Ал заманауи кітапханалар – тек оқу орны ғана емес, сонымен қатар, ақпараттық орталық, зерттеу және өзіндік даму орны қызмет етеді. Бұл кеңістіктер оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттырып, жеке қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «Жайлы мектеп» - тек заманауи ғимарат емес, бұл сапалы білімге, кемел келешекке бастар берік баспалдақ. Жаңа технологиялармен жабдықталған бұл мектептер-еліміздің келешегі үшін қарайған инвестиция. Дәл осындай білім орындары еліміздің түкпір-түкпірінде көбейсе, Қазақстанның болашағы бәсекеге қабілетті жастардың қолында болары сөзсіз.

ӘЛІМ Кәусар,
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай селосы.
Құрман орта мектебінің 11сынып оқушысы.
Жетекшісі: Мединәева Гүлнар Максотовна
Cyber:<https://shyndyq.kz/>

Музыка-адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі, ал әншілік өнер-вокалдық шеберлік пен музыкалық сезімталдықты қажет ететін өнер түрі. Кейбір адамдар туғанынан әуезді дауыс пен музыкалық қабілетке ие болса, басқалары үздіксіз еңбектің арқасында вокалдық шеберлігін дамытуға тырысады. Бірақ кез келген талантты орындаушының жетістікке жетуі үшін тек табиғи дарын жеткілікті ме? Әлде қажырлы еңбек арқылы әнші болуға бола ма? Бұл сұрақ көптеген өнер сүйер қауымды толғандырады. Бұл мақалада осы сұраққа жауап іздейтін боламыз.



ӘНШІ БОЛУ-ТАЛАНТ ПА, ӘЛДЕ ЕҢБЕК ПЕ?

Музыка саласындағы талант – ерекше вокалдық диапазон, таза дауыс, табиғи есту қабілеті мен музыкалық сезімталдықтың үйлесімі. Әншілердің көпшілігі кішкентай кезінен ерекше дауысымен, есту қабілетімен ерекшеленеді. Бұл қабілеттер адамға табиғатынан берілгендіктен, оны көп жағдайда дамыту оңайырақ болады. Алайда, табиғи дарын жалғыз жеткіліксіз. Егер әнші өзінің дауысын дұрыс дамытпаса, кәсіби деңгейге жетуі қиын болады. Мысалға, Димаш Құдайбергенді алайық. Димаш Құдайберген - ерекше дауыстық диапазоны мен техникасы арқылы әлемге танылған әнші. Оның дауыстық диапазоны 6 октава, бұл өте сирек кездесетін құбылыс.

Димаштың табиғи вокалдық қабілеті жоғары болғанымен, ол кішкентай кезінен бастап үздіксіз еңбектенді: 5 жасынан бастап музыкамен айналысты; күн сайын 3-4 сағат вокалдық жаттығулар жасады; классикалық және эстрадалық вокалды қатар меңгерді. Оның жетістігі- табиғи талант пен еңбектің үйлесімді нәтижесі. Егер ол өз қабілетін дамытпаса, осындай биік белестерді бағындырмас еді. Бірақ, кейбір адамдар табиғи таланты болмаса да, табандылық пен еңбектің арқасында кәсіби деңгейге жетеді. Вокалдық өнерде тұрақты жаттығулар, дұрыс техниканы меңгеру және тәжірибе жинау маңызды рөл атқарады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, кез келген адам тұрақты дайындық арқылы өз вокалдық қабілеттерін жақсартып алады. Дұрыс дауыстық жаттығулар, дыбыс шығару техникасы, тыныс алу әдістерін меңгеру - кәсіби әнші болудың негізгі құралдары. Көптеген музыканттар алғашында ерекше дауысымен танымал болмаған,

бірақ күнделікті еңбек арқылы өз шеберліктерін дамытқан. Солардың бірі- Эд Ширан. Ол еңбек арқылы әлемдік деңгейге жеткен британдық әнші. Оның табиғи вокалдық қабілеті ерекше болмаған, бірақ ол жылдар бойы үздіксіз жаттығу жасап, шеберлігін шыңдады: күн сайын 5-6 сағат ән айту мен гитарада ойнауға жаттықты; жылына 300-ден астам концерт қойып, тәжірибе жинады. Оның «Shape of You» әні қазіргі таңда 6 миллиардтан астам рет тыңдалды. Оның мысалы- еңбек арқылы кәсіби әнші болуға болатынын көрсетті. Сондықтан әншілік мансапқа жету жолында ең бастысы- шынайы құлшыныс пен үздіксіз даму. Талант берілсе де, оны еңбекпен шыңдамасаң, ол өшіп қалуы мүмкін. Ал еңбек адамға талантты жеңуге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, талант пен еңбек – өнер жолында жетістікке жетудің екі маңызды факторы болып табылады. Табиғи дарын - үлкен артықшылық, бірақ ол еңбексіз дамымайды. Ал еңбек-кез келген адамның өз қабілеттерін жетілдіріп, табандылық пен мақсатқа ұмтылу арқылы кәсіби әнші болуға мүмкіндік береді. Әншілік мансапта ең маңыздысы - шабыт пен тынымсыз еңбек. Шынайы құлшыныс пен табандылық

кез келген талантты шыңдап, оны үлкен жетістіктерге жеткізе алады. Сондықтан нағыз жетістікке жету үшін еңбек пен таланттың үйлесімі басты рөл атқарады.



АЛИЗАХ Ақниет,
Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ
11- сынып оқушысы.
Жетекшісі: Сағындыкова
Салтанат Санекеевна,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі



Farabi shákirti

@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

В рубрике «100 жаңа есім – 100 новых лиц» мы рассказываем о людях, которые вдохновляют и меняют подход к обучению. Сегодняшние герои — пятиклассники городской казахской школы-лицея Аягозского района области Абай: Ерсултан Жуматай, Амирхан Сапиев и Акежан Берикказы. Они разработали робота, способного автоматически очищать водоотводные каналы от мусора.

Их проект направлен на предотвращение загрязнения и засоров в уличных каналах. Это результат комплексного подхода к изучению экологии, инженерии и робототехники в рамках школьной программы.



100 ЖАҢА ЕСІМ – 100 НОВЫХ ЛИЦ

**СЕЛЬСКИЕ ШКОЛЬНИКИ ИЗ
ОБЛАСТИ АБАЙ СОЗДАЛИ
РОБОТА ДЛЯ ЗАЩИТЫ
ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

Робот получил название «Жалын». Он собирает бытовой мусор и опавшие листья, поддерживая чистоту и обеспечивая свободное течение воды в придорожных каналах. Все этапы - от идеи до реализации — школьники выполнили самостоятельно, изучив принципы механической очистки и основы программирования.

«Идея пришла благодаря инициативе нашего Президента «Таза Қазақстан». Мы хотим, чтобы наш робот помогал сохранять чистоту в родном селе. А в будущем планируем создать мини-робота, который будет не только собирать, но и сортировать отходы», — рассказывают школьники.

Кстати, проект получил высокую оценку на региональном этапе чемпионата FIRST Championship 2024: команда вошла в десятку лучших и получила награду в номинации Core Values Winner - за командную работу, инновационный подход и вклад в решение социальных задач.

Из сайта МП РК Gov.kz



9 мая 2025 года
г. Москва, Российская Федерация

Президент Касым-Жомарт Токаев посетил военный парад по случаю Дня Победы

Глава государства посетил военный парад, посвященный 80-летию Великой Победы, на Красной площади в Москве, а также принял участие в церемонии возложения цветов к могиле Неизвестного солдата.

Наряду с Касым-Жомартом Токаевым и Президентом России Владимиром Путиным на трибунах присутствовали Председатель Китайской Народной Республики Си Цзиньпин, Президент Узбекистана Шавкат Мирзиёев, Президент Кыргызстана Садыр Жапаров, Президент Таджикистана Эмомали Рахмон, Президент Туркменистана Сердар Бердымухамедов, Премьер-министр Армении Никол Пашинян, Президент Беларуси Александр Лукашенко, Президент Сербии Александр Вучич, Премьер-министр Словакии Роберт Фицо, Председатель Президиума Боснии и Герцеговины Желька Цвиянович, Генеральный секретарь ЦК Коммунистической партии Вьетнама То Лам, Президент Монголии Ухнаагийн Хурэлсух, Президент Египта Абдель Фаттах Ас-Сиси, Президент Бразилии Луис Инасиу Лула Да Силва, Президент Венесуэлы Николас Мадуро, Президент Кубы Мигель Диас-Канель, Глава Государственного административного совета, Премьер-министр Мьянмы Мин Аун Хлайн, Президент Буркина-Фасо Ибрагим Траоре, Президент Гвинеи Бисау Умару Сисоку Эмбало, Президент Зимбабве Эммерсон Дамбундо Мнангагва, Президент Республики Конго Дени Сассу-Нгессо, Президент Экваториальной Гвинеи Теодоро Обианг Нгема Мбасого, Президент Эфиопии Тайе Адке-Селассие, Президент Палестины Махмуд Аббас, а также руководители международных организаций.

На параде Республику Казахстан представил парадный расчет военнослужащих 37-й бригады Десантно-штурмовых войск имени Героя Советского Союза генерал-майора Ивана Панфилова.

<https://www.akorda.kz>




ПУТИН ПЕРЕДАЛ ТОКАЕВУ НАГРАДНОЙ ЛИСТ ЕГО ОТЦА



Президент России Владимир Путин передал Касым-Жомарту Токаеву наградной лист гвардии сержанта Кемеля Токаева – отца Президента Казахстана из архива министерства обороны РФ, передает [Tengrinews.kz](https://tengrinews.kz) со ссылкой на Акорду.

Согласно документу, он был представлен к званию Героя Советского Союза. Однако это звание Кемелю Токаеву не было присвоено. Он был награжден орденом Отечественной войны II степени за проявленные мужество и героизм в боях на территории Польши. Как стало известно ранее, в свободном доступе появился наградной лист гвардии сержанта Кемеля Токаева.

Как отмечают СМИ, документ был опубликован российским Министерством обороны. Кемел Токаев был призван на фронт в 1942 году. Вскоре он стал командиром отделения 226-й стрелковой дивизии. После ранения он служил в 7-м гвардейском танковом полку. В своей книге "Солдат ушел на войну" Кемел Токаев описал ужасы и страдания тех, кто воевал на фронте.



Интересные факты о Земле для детей

Земля – единственное место во Вселенной, где существует жизнь. По крайней мере, ученые пока не смогли доказать наличия хотя бы простейших форм жизни на других планетах. Как доступно рассказать детям о загадках и тайнах Земли? Понятно, что школьники многое узнают на уроках биологии, географии, астрономии, но тем, кто еще не ходит в школу тоже стоит поближе познакомиться с местом, где мы живем.

На самом деле форма Земли – не идеальный, а слегка сплюснутый сверху и снизу шар. Поверхность нашей планеты тоже не такая идеально гладкая, как мы видим на картинке. Не удивительно, ведь на Земле много гор и больших впадин.

У радуги, которой мы любимся после дождя, нет начала и нет конца, потому что на самом деле она имеет круглую форму. Просто мы видим лишь половинку радуги, а остальная часть остается скрытой за горизонтом. Увидеть радугу полностью можно лишь с высоты птичьего полета или самолета.

Земля на 70 % состоит из воды, большая часть которой приходится на Мировой океан. Т.е. воды на нашей планете в два раза больше, чем суши. Мировым океаном называется общая масса всех морей, озер и океанов, существующих на Земле.

Факты: Второе название нашей Земли – Голубая планета. Так ее называли первые

космонавты, когда посмотрели на нее из космоса. Из-за того, что большую часть Земли составляет вода, при взгляде из космоса планета действительно имеет голубоватый оттенок.

Жидкая вода, необходимая для поддержания существования всех живых существ, есть только на Земле. Поэтому люди и животные есть только здесь.

На Земле много небольших стран, но самая маленькая – Ватикан. Если собрать вместе всех жителей этого государства, то они легко поместятся на обычном футбольном поле.



В ядре Земли содержится большое количество золота. Если изъять весь драгоценный металл из недр, то удастся полностью покрыть планету слоем в 45 см. Это примерно половина роста пятилетнего ребенка.

На дне морей и океанов лежит очень много



пластика. Если бы была возможность заглянуть вглубь, то мы увидели бы, что дно усеяно пластиковыми бутылками, пакетами, флаконами и другими упаковками. Как они туда попали? Часть с суши, а часть была выброшена с кораблей и другого транспорта. Загрязнения не только портят воду, но и несут опасность для морских животных, которые могут случайно проглотить отходы и погибнуть.

Самое засушливое место на Земле – не в Африке, как считают многие люди. Это - пустыня Атакама в Чили, стране Южной Америки . Дождь здесь может не идти десятки лет.

Факты: Ежегодно на Земле вырубают около 15 млрд. деревьев. Это очень много. Как утверждают ученые, количество зеленых насаждений с момента существования планеты сократилось практически вдвое. Эти показатели, к сожалению, регулярно растут. А чем меньше деревьев, тем ниже уровень кислорода, который так нужен всем живым организмам. Поэтому нужно беречь старые растения и по возможности высаживать новые.

Источник:<https://centro.press/news/> 2020 г.



After twenty years by O. Henry

The policeman on the beat moved up the avenue impressively. The impressiveness was habitual and not for show, for spectators were few. The time was barely 10 o'clock at night, but chilly gusts of wind with a taste of rain in them had well nigh depeopled the streets.

Trying doors as he went, twirling his club with many intricate and artful movements, turning now and then to cast his watchful eye adown the pacific thoroughfare, the officer, with his stalwart form and slight swagger, made a fine picture of a guardian of the peace. The vicinity was one that kept early hours. Now and then you might see the lights of a cigar store or of an all-night lunch counter; but the majority of the doors belonged to business places that had long since been closed.

When about midway of a certain block the policeman suddenly slowed his walk. In the doorway of a darkened hardware store a man leaned, with an unlighted cigar in his mouth. As the policeman walked up to him the man spoke up quickly.

–“It's all right, officer,” he said, reassuringly. “i'm just waiting for a friend. It's an appointment made twenty years ago. Sounds a little funny to you, doesn't it? Well, i'll explain if you'd like to make certain it's all straight. About that long ago there used to be a restaurant where this store stands— ‘big joe’ brady's restaurant.”

– “Until five years ago,” said the policeman. “it was torn down then.”

The man in the doorway struck a match and lit his cigar. The light showed a pale, square-jawed face with keen eyes, and a little white scar near his right eyebrow. His scarf pin was a large diamond, oddly set.

– “Twenty years ago tonight,” said the man, “i dined here at ‘big joe’ brady's with Jimmy wells, my best chum, and the finest chap in the world. He and I



were raised here in new york, just like two brothers, together. I was eighteen and Jimmy was twenty. The next morning I was to start for the west to make my fortune. You couldn't have dragged Jimmy out of new york; he thought it was the only place on earth. Well, we agreed that night that we would meet here again exactly twenty years from that date and time, no matter what our conditions might be or from what distance we might have to come. We figured that in twenty years each of us ought to have our destiny worked out and our fortunes made, whatever they were going to be.”

–“It sounds pretty interesting,” said the policeman. “rather a long time between meets, though, it seems to me. Haven't you heard from your friend since you left?”

–“Well, yes, for a time we corresponded,” said the other. “but after a year or two we lost track of each other. You see, the west is a pretty big proposition, and I kept hustling around over it pretty lively. But



I know Jimmy will meet me here if he's alive, for he always was the truest, staunchest old chap in the world. He'll never forget. I came a thousand miles to stand in this door tonight, and it's worth it if my old partner turns up."

The waiting man pulled out a handsome watch, the lids of it set with small diamonds.

—"Three minutes to ten," he announced. "it was exactly ten o'clock when we parted here at the restaurant door."

—"Did pretty well out west, didn't you?" Asked the policeman.

—"You bet! I hope Jimmy has done half as well. He was a kind of plodder, though, good fellow as he was. I've had to compete with some of the sharpest wits going to get my pile. A man gets in a groove in new york. It takes the west to put a razor-edge on him."

The policeman twirled his club and took a step or two.

—"I'll be on my way. Hope your friend comes around all right. Going to call time on him sharp?"

—"I should say not!" Said the other. "i'll give him half an hour at

least. If Jimmy is alive on earth he'll be here by that time. So long, officer."

—"Good-night, sir," said the policeman, passing on along his beat, trying doors as he went.

There was now a fine, cold drizzle falling, and the wind had risen from its uncertain puffs into a steady blow. The few foot passengers astir in that quarter hurried dismally and silently along with coat collars turned high and pocketed hands. And in the door of the hardware store the man who had come a thousand miles to fill an appointment, uncertain almost to absurdity, with the friend of his youth, smoked his cigar and waited.

About twenty minutes he waited, and then a tall man in a long overcoat, with collar turned up to his ears, hurried across from the opposite side of the street. He went directly to the waiting man.

—"Is that you, bob?" He asked, doubtfully.

—"Is that you, Jimmy wells?" Cried the man in the door.

—"Bless my heart!" Exclaimed the new arrival, grasping both the other's hands with his

own. "It's bob, sure as fate. I was certain i'd find you here if you were still in existence. Well, well, well!—twenty years is a long time. The old restaurant's gone, bob; I wish it had lasted, so we could have had another dinner there. How has the west treated you, old man?"

—"Bully; it has given me everything I asked it for. You've changed lots, Jimmy. I never thought you were so tall by two or three inches."

—"Oh, i grew a bit after I was twenty."

—"Doing well in new york, Jimmy?"

—"Moderately. I have a position in one of the city departments. Come on, bob; we'll go around to a place I know of, and have a good long talk about old times."

The two men started up the street, arm in arm. The man from the west, his egotism enlarged by success, was beginning to outline the history of his career. The other, submerged in his overcoat, listened with interest.

At the corner stood a drug store, brilliant with electric lights. When they came into this glare each of them turned simultaneously to gaze upon the other's face.

The man from the west stopped suddenly and released his arm.

—"You're not Jimmy wells," he snapped. "twenty years is a long time, but not long enough to change a man's nose from a roman to a pug."

—"It sometimes changes a good man into a bad one," said the tall man. "you've been under arrest for ten minutes, 'silky' bob. Chicago thinks you may have dropped over our way and wires us she wants to have a chat with you. Going quietly, are you? That's sensible. Now, before we go on to the station here's a note I was asked to hand you. You may read it here at the window. It's from patrolman wells."

The man from the west unfolded the little piece of paper handed him. His hand was steady when he began to read, but it trembled a little by the time he had finished. The note was rather short.

Bob: I was at the appointed place on time. When you struck the match to light your cigar I saw it was the face of the man wanted in chicago. Somehow I couldn't do it myself, so I went around and got a plainclothesman to do the job.

Jimmy.

https://literature.fandom.com/wiki/After_Twenty_Years?file=AfterTwentyYears.jpg
<https://www.owleyes.org/text/best-o-henry/read/after-twenty-years>

КЕЛІҢІЗ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Республикалық *Farabi shákirti* – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқырманға тарайтын, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-аналарға арналған танымдық журнал.

Журналдың цифрлық форматына жазылу жалғасуда.

6 ай - қала және ауыл/село бойынша –3187.20 тг; 12 ай – 6374,40 тг.
Занды тұлға үшін: 6 ай- 3541.68 тг. 12 ай- 7083.36 тг. Жазылу индексі: 76081

Тел: 8 (701) 730-93-12, Алматы

*Мәлімет «Қазпочта» АҚ-ның ресми каталогынан алынды.

